Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 42 (1045)

22.10.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ШАРА АЯСЫНДА

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ҮШІНШІ КАДЕТ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ЖАС ПОЛИЦЕЙЛЕРДІҢ КАДЕТ СЫНЫБЫ ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАПШАҒАЙ, ЖӘНЕ ІЛЕ АУДАНДАРЫНДА АШЫЛҒАН БОЛАТЫН. ЕНДІ, МІНЕ, ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАРДЫҢ ҮШІНШІ КАДЕТ СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ.

Түрлі жағдайда болатын тосын апаттардың алдын алуда және төтенше жағдайлар орын алғанда қауіп-қатердің бел ортасында төтенше жағдайлар қызметкерлері жүреді. Тілсіз жау отпен, сумен және жер сілкінісі кезінде әрі жарылыс болған жағдайларда бастарын бәйгеге тігетін төтеншеліктер қызметі – қиын әрі күрделі мамандық. Жас толқынды осы бір жауапты мамандыққа баулуда Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кентінде «Жас өрт сөндіруші» кадет сыныбының салтанатты ашылуы болды.

19 қазан құтқарушылардың кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келген салтанатты шара азаматтық қорғау жүйесі ардагерлері мен Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық қызметкерінің мерекесімен орайласты. Биыл Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесіне 26 жыл толып отыр. Бұған дейін, яғни, 2019 жылдан бастап Өтеген Батыр кентіндегі №7 орта мектепте Жас құтқарушылардың екі кадет сыныбы ашылып, шәкірттер білім алып келді. Құтқарушылар мерекесі қарсаңында Өтеген батыр кенті №13 орта мектебінде үшінші кадет сыныбы ашылды. Айтулы іс шараға Алматы облысы ТЖД бастығының орынбасары, Іле ауданы әкімінің орынбасары, кадет сыныбының демеушілері болып табылатын «ЛУКОЙЛ» компаниясының өкілдері, волонтерлер, ата-аналар және Өтеген батыр кенті №13 ОМ ұжымы қатысты. Алматы облысы Қазақстанда мұндай тәжірбиені енгізген алғашқы облыс екенін атап айту артық болмас. Мұнда білім алатын өрендер, төтенше жағдайлар кезіндегі тәртіп ережелері бойынша өскелең ұрпақпен мақсатты жұмыс жүргізілетін болады. Оның мақсаты – ерте жастан бастап балаларды тіршілік қауіпсіздігі дағдыларын қалыптастыруға баулу болып табылатынын айтады Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілі.

Шара барысында кадеттерде білім алып жатқан өрендер құтқарушылар күніне орай концерт ұйымдастырып, саптық дайындық дағдыларын көрсетті. Сондай-ақ, Іле ауданының ТЖБ қызметкерлері құтқарушылар мен арнайы техниканың көрсетілімдерін ұйымдастырды. Түрлі төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша бірлескен профилактикалық жұмыстары үшін волонтерлерге грамоталар табысталды.

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру өзекті міндеттердің бірі екенін ескерсек, жасөспірімдерді еңбекке баулуды ерте жастан бастау өте маңызды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АНДАТПА

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР 3-стр.

В КАЗАХСТАНЕ ВЫРОСЛИ ЦЕНЫ НА СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫЕ ПРОДТОВАРЫ И ГСМ

ЭКО-ЖОБА 4-бет

21 КГ ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

ӘЛЕУМЕТ 5-бет

«БАСПАНА КЕЗЕГІМ 598-ДЕН 1312-ГЕ НЕГЕ СЫРҒЫДЫ?»

ДАСТАН 8 бет

ЖОЛБАРЫС БАБА

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

2021 ЖЫЛДЫҢ 29 ҚАЗАНЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС IX СЕССИЯСЫ (ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ) ӨТКІЗІЛЕДІ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Күн тәртібіне сәйкес келесі мәселелер қаралады:

1.«Алматы облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 64-339 «Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;

2. Алматы облыстық мәслихатының мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

НАЗАР

«ADAL KOMEK» ЖОБАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. Осы тұжырымдама негізінде атқарылып жатқан жобалар мен шаралар аз емес. «ADAL KOMEK» сол жобалардың бірі болып табылады.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша Департаментінің бастамасымен облыс аумағында халыққа құқықтық және ақпараттық кеңес беру мақсатында «ADAL KOMEK» жобасы іске қосылған болатын.

«ADAL KOMEK» жобасының негізгі мақсаты – Мемлекет басшысының «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін ашықтықты қамтамасыз ете отырып тұрғындарды алаңдатқан мәселелердің шешу жолдарын қарастыру және заң аясында дұрыс ақпарат пен бағыт-бағдар беру.

Қазіргі таңда мемлекеттік орган өкілдері тұрғындарды алаңдатқан сан түрлі сауалдарды шешу жолында азаматтармен кері байланыс орнатуға белсенділік көрсетіп отыр. Яғни, ANTIKOR-орталығында спикер апта сайын Facebook желісі арқылы тікелей эфирге шығып, сұрақтарға жауап беру арқылы консультативтік кеңес береді. Осылайша халық пен мемлекеттік мекеме өкілдерінің арасында тікелей қарым-қатынас орнайды.

Тікелей эфир апта сайын ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл Агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша Департаментінің Facebook @anticorruption.almatyoblysy парақшасында өтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Алматы облысы бойынша департаменті.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ

ЖАСТАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Ескелді ауданында 4Е «Eskeldi erlik pen enbektin eli» атты жастар фестивалі өткізілді.

Аудан әкімі Рустам Әлидің айтуынша, мұндай фестиваль елдің ішкі мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Әрі, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталады. Мұндай шара келер жылы да жалғасын табады.

Фестиваль барысында қызықты ойындар, тартысты спорттық додалар, қолөнершілер мен домбырашылардың өнерлері тұрғындар назарына ұсынылды. Аудан жастары стритбол, баскетбол, қол күресі, шахмат, шашки, тоғызқұмалақ, үстел теннисі мен асық атудан сайысқа түсті. Сондай-ақ, шығармашыл жандар тас жолда көркем сурет салды.

Сонымен қатар тұрғындар арасында сәтті күн лотореясы ойнатылды. Бас жүлде иегеріне планшет сыйға тартылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ҚҰРМЕТ

МЕРЕЙЛІ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«ЕРЛІК» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАЙЫМЫ РОЗА АҚЖАРКЕНОВА АСҚАРАЛЫ АЛПЫС ЖАСҚА ТОЛДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫ ЖАНБОЛАТ ЖӨРГЕНБАЕВ АТАЛМЫШ ҰЙЫМҒА АРНАЙЫ БАРЫП, РОЗА ХАДЖИ-АХМЕТҚЫЗЫН МЕРЕЙЛІ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, өңірдің қоғамдық саяси, әлеуметтік істердегі белсенді азаматтарының бірі Роза Хаджи-Ахметқызы Ақжаркенова – Ақсу ауданы Қапал ауылының тумасы.

Мектепті бітірген соң Талдықорған қаласындағы медицина училищесінің медбике мамандығын тәмәмдап, алғашқы еңбек жолын Қапал ауданы "Қапал дезинфекция" станциясының қызметкерінен бастады. Одан кейін Қапал аудандық тұрмыстық комбинатта тоқымашы, «Қапал еңбеккері» аудандық газетінің штаттан тыс тілшісі болды. 2005 жылдан 2007 жылға дейін «Бірлік» қоғамдық бірлестігіне жетекшілік етті.

Ал, 2007 жылы «Ерлік» ұйымының негізін қалап, қазіргі уақытқа дейін аталған ұйымда жетекшілік етеді.

Роза Ақжаркенова осы жылдары қоғамдық бірлестіктің 23 әлеуметік жобасын іске асырып, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқығын қорғау және тіршілік-тынысын жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы аумағында 4 жинақ және 32 семинар тренинг өткізді. Польша мемлекетіндегі әріптестерінің шақыруы бойынша Гданске, Грузия, Украина, Тәжікстанға іс сапарға барып, тәжірибе алмасып қайтты.

2015 жылы Талдықорған Медицина колледжінде зағип адамдарға арналған сылап-уқалау бөлімінің ашылуына зор үлесін қосты. Алматы облысында Инватакси жәрдеміне зәру мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнап алғашқы жоба жасалды.

Елеулі еңбегі ескеріліп «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медальдары, «Шапағат» медалінің иегері атанды, бүгінде «Талдықорған қаласының құрметті азаматы» болып табылады.

Алматы облыстық мәслихатының баспасөз қызметі.

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА

500-ГЕ ЖУЫҚ КӘСІПКЕРГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРІЛМЕК

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БЕРУ МАҚСАТЫНДА 2 МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ. ӨҢІР БОЙЫНША 500-ГЕ ЖУЫҚ КӘСІПКЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ 1000-НАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРУ ЖОСПАРЛАНУДА. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISY'MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН ЖИЫНДА КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДӘУРЕН ОҢАЛБАЕВ МӘЛІМДЕДІ.

Оның айтуынша, жеңілдетілген несиелер «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілетін «Бастау Бизнес» оқыту жобасының түлектеріне беріледі. Ауылдық жерлер үшін қаржыландыру сомасы 7,2 млн. теңгеге дейін және қала үшін — 18,9 млн. теңге. Шағын несиені 5 жылға дейінгі мерзімге, мал шаруашылығы саласындағы 7 жылға дейінгі жобалар үшін рәсімдеуге болады. Шағын несиелеудің басты артықшылығы кепілмен қамтамасыз етуге шектеу жоқ. Сондай-ақ қарыз жылдық 6 пайыздық мөлшерлемемен беріледі.

«Биылдан бастап Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы «Жетісу» ӘКК өңірлік даму институтымен бірлесіп «Бастау Бизнес» жобасының түлектерін жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ету үшін «Atameken Zhetysu» микроқаржы ұйымын құрды. Қазіргі таңда микроқаржы ұйымы 5 млн. теңге көлеміндегі алғашқы несиені берді. Сондай-ақ, тағы 150 өтінім қарастырылу үстінде. Жалпы, 253 өтінім бойынша құжаттар жиналуда. Әрбір жоба біздің сүйемелдеуімізде. Аудандар мен қалалардағы кәсіпкерлер палатасы филиалындағы кеңесшілеріміз кәсіпкерлерге құжаттарды әзірлеу бастағаннан бастап жоба бойынша қаражат алғанға дейін жан-жақты қолдау көрсетеді. Кейін берілген қаржының игерілуіне мониторинг жүргізіледі», – деді Дәурен Оңалбаев.

Жеңілдетілген несиенің алғашқы иегері – талдықорғандық кәсіпкер Әбиден Әбдеш. Ол 2021 жылы «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту курсын аяқтады. Берілген қаражатқа жылқы сатып алып, қымыз өндіруді жоспарлауда.

«Асыл арман» шаруа қожалығының басшысы Әбиден Әбдештің сөзінше, «Бастау Бизнес» бойынша оқыту жобасы барысында бағытын өзгертіп, жылқы шаруашылығымен айналысуды шешіпті. *«Берілген қаражатқа 13 бас жылқы сатып аламын. Қазір тәулігіне 20 литр қымыз өндірсек, мал басы көбейген соң, өнім көлемі де арта түспек. Шаруашылыққа тұрақты жұмысқа төрт адамды алуды жоспарлап отырмын. Жеке ісімді ары қарай кеңейте бермекпін»*, – дейді ол.

Алматы облыстық Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне 3,1 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқытылған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқытылғандарды қоса алғанда 1300-ден аса бизнес-жоба мемлекеттік бағдарламалар аясында гранттық қаржыландыру мен жеңілдетілген несие алған.

С. НҰСІП.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

УТВЕРДИЛ НОВУЮ ВОЕННУЮ КОНЦЕПЦИЮ

Мероприятия Концепции направлены на повышение обороноспособности государства, обеспечение боеготовности Вооруженных сил, других войск и воинских формирований, в том числе на расширение возможностей при действиях в кризисных ситуациях.

Как передает Sputnik, Президент Казахстана — Верховный главнокомандующий утвердил новую Концепцию строительства и развития Вооруженных сил, других войск и воинских формирований, сообщает пресс-служба Акорды.

Проект Концепции был разработан министерством обороны РК в рамках реализации Послания главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 года. Основой для ее разработки стала современная военно-политическая обстановка, с учетом прогнозов её развития в долгосрочной перспективе, а также тенденций военного строительства в зарубежных государствах.

Концепция включает в себя основные принципы и подходы строительства и развития органов военной безопасности до 2030 года.

Какие преобразованию ждут армию Казахстана?

Впервые в истории Казахстана планируется формирование элементов эффективной системы воздушно-космической и противоракетной обороны.

С учетом огромной территории страны и протяженности границ предусмотрены меры по повышению мобильности войск за счет наращивания сил и средств военно-транспортной авиации.

Приоритетное внимание уделено также развитию сил специальных операций.

В рамках цифровизации всех сфер жизнедеятельности будет наращиваться потенциал Вооруженных сил для действий в кибер- и информационном пространстве.

Спланировано развитие «компонентов двойного назначения», то есть таких, которые могут применяться как в военное, так и в мирное время, в том числе для ликвидаций последствий чрезвычайных ситуаций. Это, прежде всего, военная медицина, войска радиационной, химической и биологической защиты, инженерные войска, военно-транспортная авиация.

В целях боеготовности, оптимальной дислокации воинских частей, создания военной инфраструктуры, а также обеспечения безопасности населения планируется постепенный переход к формированию комплексных военных баз с соответствующей инфраструктурой.

Также предусмотрены меры по совершенствованию систем военного образования, карьерного роста, моральной и материальной мотивации военнослужащих, укрепления правопорядка и воинской дисциплины, военно-патриотического воспитания молодежи.

Обозначены основные приоритеты в оснащении Вооруженных сил. Это будет учитываться отечественным оборонно-промышленным комплексом и позволит предприятиям более эффективно осуществлять перспективное планирование производства.

В целом реализация данной Концепции призвана повысить обороноспособность государства и готовность к адекватному реагированию на современные угрозы военной безопасности и эффективному выполнению задач мирного времени.

Учения «Отпантау-2021» как обкатка новой концепции

В соответствии с подходами, предусмотренными новой Концепцией, с учетом опыта современных военных конфликтов, в период с 6 по 23 сентября 2021 года на территории Казахстана проведено комплексное военное учение «Отпантау-2021».

В ходе учения проверено состояние взаимодействия при военных угрозах органов управления и воинских частей Вооруженных Сил, Пограничной службы, Национальной гвардии, Министерства по чрезвычайным ситуациям, а также местных исполнительных, специальных государственных и правоохранительных органов.

В шести областях проверена организация работы создаваемых при введении военного положения Советов обороны областей.

На семи полигонах войска отработали новые формы и способы ведения боевых действий, вопросы противодействия противнику на суше и в воздухе, а также провели учебную противодесантную операцию в акватории Каспийского моря.

Проверены боевые свойства вновь поступившего вооружения, в том числе самолетов Су-30СМ, вертолетов Ми-35, линейки новых БПЛА, комплексов ПВО и средств радиоэлектронной борьбы.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

Премьер-министр РК Аскар Мамин провел в Цифровом офисе правительства совещание с участием руководителей центральных государственных органов и акимов регионов по вопросам регулирования цен на социально значимые продовольственные товары (СЗПТ) и горюче-смазочные материалы (ГСМ), сообщает zakon.kz.

5 октября т.г. импортировано 55,9 тыс. тонн дизтоплива из РФ и приняты другие меры. Перенос сроков начала ремонта комплекса первичной переработки нефти Павлодарского нефтехимического завода с 1 на 9 октября позволил произвести дополнительно 30 тыс. тонн дизтоплива. Завершение ремонтных работ запланировано на 4 ноября т.г.

В КАЗАХСТАНЕ ВЫРОСЛИ ЦЕНЫ

на социально значимые продтовары и ГСМ

О текущей ситуации и проводимой работе доложили министры торговли и интеграции Бахыт Султанов, сельского хозяйства Ербол Карашукеев, индустрии и инфраструктурного развития Бейбут Атамкулов, вице-министр энергетики Асет Магауов, председатель правления АО «НК "КазМунайГаз" Алик Айдарбаев, председатель агентства по защите и развитию конкуренции Серик Жумангарин, акимы г. Нур-Султан Алтай Кульгинов, Актюбинской области Ондасын Оразалин, Кызылординской области Гульшара Абдыкаликова, Карагандинской области Женис Касымбек и др.

За неделю рост цен на социально значимые продовольственные товары составил 0,2%. На это повлияло удорожание яиц на 2,7%. Наибольший рост цен на яйца зафиксирован в Мангистауской (21,8%), Восточно-Казахстанской (16,6%) и Актюбинской (12,1%) областях.

В рамках «оборотной схемы» в регионах закуплено 167,7 тыс. тонн социально значимых товаров. Больше всего сформированы запасы хлеба (41 тыс. тонн), картофеля, муки и сахара (71,6 тыс. тонн). Будет увеличено финансирование на закуп подсолнечного масла, гречки, говядины и капусты.

В целях недопущения роста цен на хлеб до конца 2021 года будут осуществлены интервенции из региональных стабфондов, а в последующем — путем приобретения удешевленной пшеницы у АО «НК "Продкорпорация". Соответствующие поправки в законодательство находятся на рассмотрении государственных органов.

Для обеспечения внутреннего рынка дизельным топливом введен запрет на вывоз нефтепродуктов автомобильным транспортом, с апреля т.г. прекращен экспорт дизельного топлива, перенесен плановый ремонт на Атырауском НПЗ на 2022 год, с 1 сентября по

С начала года в стране произведено 78 млн тонн угля. Согласно плану потребности угольной продукции для коммунально-бытовых нужд и населения, на 2021−2022 годы объем потребления составит порядка 9,2 млн тонн, из них 2,8 млн тонн — коммунально-бытовой сектор, 6,4 млн тонн — население. На сегодня акиматами завезено 7,5 млн тонн угля, что обеспечит 93,1% потребностей коммунально-бытового сектора и 76% — населения.

За прошедшую неделю агентство по защите и развитию конкуренции выявило 16 фактов превышения торговой надбавки по 87 товарным позициям в г. Шымкент и Акмолинской, Северо-Казахстанской, Алматинской, Павлодарской, Актюбинской и Жамбылской областях.

В рамках антимонопольного контроля на рынке дизельного топлива ранее было вынесено 19 уведомлений о снижении цен. Начата проверка нефтебаз, оптовых и розничных поставщиков на предмет обоснованности ограничения реализации дизтоплива и возможного его вывоза за пределы РК.

Премьер-министр поручил акимам регионов активизировать работу по наполнению стабилизационных фондов продовольствием и выделению средств на «оборотную» схему, принять незамедлительные меры по фактам нарушения торговой надбавки субъектами торговли, обеспечить бесперебойность поставок угля для нужд населения и коммунально-бытового сектора.

Глава правительства подчеркнул важность проведения системной работы по сдерживанию цен на социально значимые продукты питания и в целом эффективной реализации Комплекса мер антиинфляционного реагирования.

СОГЛАШЕНИЕ

КАЗАХСТАН И ГЕРМАНИЯ БУДУТ СОТРУДНИЧАТЬ

В соглашении говорится, что теперь правительства двух стран могут обмениваться данными и координировать действия по борьбе с опасными преступлениями. Казахстан и Германия заключили соглашение о сотрудничестве в борьбе с терроризмом, экстремизмом и другими опасными видами преступлений, передает zakon.kz.

Polisia.kz сообщает, что 13 октября в Министерстве иностранных дел Германии состоялась церемония подписания межправительственного соглашения между Казахстаном и Германией о сотрудничестве в борьбе с организованной преступностью, терроризмом и другими опасными видами преступлений. Документ, предусматривающий развитие сотрудничества в сфере профилактики и борьбы с организованной преступностью, незаконной миграцией, а также с терроризмом и другими опасными видами преступлений, подписали посол Казахстана Даурен Карипов и статс-секретарь МИД Германии Мигель Бергер.

В соглашении говорится, что теперь правительства двух стран могут обмениваться данными и координировать действия по борьбе с преступлениями, связанными с незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров, а также принимать совместные меры по сокращению употребления преступными организациями подделанных и фальсифицированных документов для нелегального провоза людей через границу.

СЕССИЯ ООН

ИЗБРАЛИ В СОВЕТ ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА

В ходе 76-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН в Нью-Йорке Казахстан избран членом Совета по правам человека (СПЧ) ООН на 2022−2024 годы, передает пресс-служба МИД РК.

Приоритетными направлениями работы Казахстана в Совете определены: продвижение гендерного равенства и расширение прав и возможностей женщин всеобщая отмена смертной казни борьба против всех форм нетерпимости свобода религий и убеждений обеспечение инклюзивного всеобщего образования уважение прав человека в условиях пандемии COVID-19.

Ранее страна избиралась в Совет по правам человека на 2013−2015 годы.

Полосу подготовил Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

АЛТЫН МЕН КҮМІСТЕН БҰЙЫМ ЖАСАЙТЫН ШЕБЕР

«ЕҢБЕК» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ЕКІНШІ БАҒЫТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ АЗАМАТТАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІК БАСТАМАЛАРЫН ДАМЫТУ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ. ОНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ БАСТАПҚЫ БИЗНЕСТІ ІСКЕ АСЫРАТЫН ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖОСПАРЛАЙТЫН, СОНДАЙ-АҚ БҰРЫН БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ АЛМАҒАН ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ӨТЕУСІЗ ЖӘНЕ ҚАЙТАРЫМСЫЗ НЕГІЗДЕ 100 ЖӘНЕ 200 АЕК МӨЛШЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР БЕРІЛЕДІ.



Бұдан бөлек, ауылда және қалаларда кәсіпкерлік әлеуеті бар, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және зейнеткерлік жасына жетпеген олардың мүшелеріне, шаруа және фермер қожалықтарына микрокредиттер беріледі. Тиісінше, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында микрокредит алушылар үшін кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жүргізіледі.

Осындай мүмкіншілікті пайдаланған азаматтар қатарында текелілік Зәйіт Сәйділхан да бар. Зәйіт – мемлекеттік бағдарламамен кәсібін кеңейткен жандардың бірі. Көп жыл бойы бухгалтер болып қызмет атқарған, кейін қолөнер ісіне бет бұрған. Ол 2019 жылы Текелі қаласындағы кәсіпкерлер палатасы мен жұмыспен қамту орталығына жүгініп, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерінің оқыту жобасына қатысты. Оған дейін үйінде кішігірім цех ашып, зергерлік бұйымдарды жасап бастаған.

«Зергерлік бұйымдарды жасау ісіне ертеден қызығатынмын. Алғашында әйелім мен балаларыма сыйлық ретінде дайындап жүрдім. Кейін ағайын-туыстан тапсырыс түсе бастады. Кәсіптің көзін тауып, жаңа материалдар мен құралдар алғым келді. «Атамекеннің» қолдауымен бизнестің оқуын оқып, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 200 айлық есептік көрсеткіш грант жеңдім», – дейді кәсіпкер.

Зәйіт Сәйділхан бұл қаражатқа зергерлік бұйымдарға қажетті жабдықтарды сатып алды. Кәсіпкер алтын мен күмістен білезік, сырға, жүзік, алқа, бәкі, ат әбзелдері сияқты әшекей бұйымдарын сәндеп шығарады. Әзірге айына 10-15 дайын өнім жасалады. Кәсібін көмекшісімен бірге үй ауласындағы цехта жүргізіп отыр. Кәсіпкер алдағы уақытта өнім түрлерін ұлғайтып, жаңа технологиялармен жұмыс істеуге ниетті.

Айта кетейік, Алматы облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін 3,1 мыңнан астам жұмыссыз және жас кәсіпкер оқыған. Жоба бойынша өткен жылы және биыл оқығандарды қоса алғанда 1200-ден аса бизнес-жоба грант пен жеңілдетілген несие алды.

Ш. ХАМИТОВ.

ЭКО-ЖОБА

21 КГ ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Letwik әлеуметтік эко-жобасын қолға алды.

Жобаның мақсаты – әр апта сайын оқушылар айналаны тазарту марафонына шығады. Мәселен, олар бірінші күні 21 кг қоқыс жинап үлгерді.

Әлеуметтік жобаның белсенділері 10 сынып оқушылары Арнұр Емберген мен Нұрсұлтан Ерланұлы. Айтуынша, аумақтарды тазарту – бұл олардың жобасының бастамасы, болашақта эко-волонтерлер қоқысты сұрыптауға тырыспақшы.

– Біздің жобаның ұраны – «Жүрдім, байқадым, жинадым». Біз бір реттік акциялар форматынан тұрақты түрде жалғасатын жобаға көштік. Эко марафон тұрақты болуы керек. Кез келген адам жобаны қолдай алады, сонымен қатар Letwik эко-қозғалысының мүшесі бола алады. Ол үшін Letwik.nis инстаграм парақшасына жазылып, «эко өмір» стилінде бізбен бірге болыңыз, – дейді жоба бастамашыларының бірі Арнұр.

Сонымен қатар ол болашақта кез келген адамның экологиялық сана деңгейі экология саласында жаһандық шешімдер қабылдамаса да, табиғатқа бей-жай қарамайтын болып шығуы мүмкін екендігін, әлемде әрбір адам экологиялық білім алуы керек деген пікірде.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

БРИФИНГ

БЕЙБІТ ЖИЫНДАР қалай өтеді?

«Jetisy Media» ақпараттық алаңында Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мәселесіне арналған брифинг өтті.

Іс-шараға Алматы облысы прокурорының орынбасары Іляс Бескемпіров, Алматы облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов қатысып, Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндірді.

«Митингтерге, пикеттерге және жиналыстарға өтініш хабарлама жасау тәртібі бойынша өткізіледі, хабарлама белгіленген күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жергілікті атқарушы органға жазбаша беріледі. Ал өткізу ережесін бұзған жағдайда 200 - ден 2000 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған», – дейді Алматы облысы прокурорының орынбасары Іляс Бескемпіров.

Брифингте айылғандай, құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ құқық бұзушылыққа жол бермеу бойынша заңда көзделген шараларды қабылдайтын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

«БАСПАНА КЕЗЕГІМ 598-ДЕН 1312-ГЕ НЕГЕ СЫРҒЫДЫ?»

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА БАСПАНА ДАУЫ ҚАМЫСҚА ТИГЕН ӨРТТЕЙ ҚАУЛАП ТҰР. КЕЗЕККЕ ОН-ОН БЕС ЖЫЛДАП ТҰРЫП ӘЗЕР ҚОЛЫ ЖЕТКЕНДЕР САПАСЫЗ САЛЫНҒАН ҮЙЛЕРДЕН ЖЫЛУ КӨРМЕЙ, АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН ШУЛАТЫП ЖҮР. ТІПТІ, БАНКТЕР АРҚЫЛЫ ИПОТЕКАЛЫҚ БАСПАНА АЛҒАНДАРДЫҢ ДАУ-ДАМАЙЫ КӨГІЛДІР ЭКРАНДЫ ЖАРАДЫ.

Айына 70-80 мыңнан баспана үшін ипотека төлейміз. Алған үйіміз сапасыз салынған. Не лифті істемейді, не жоғары қабатқа су көтерілмейді. Жаңбыр жауса шатырдан сорғалаған су дүние-мүлкімізді құртты. Қыста жылымайды деп ұлардай шулағандар баспананы салған мердігерлер және қабылдап алған әкімдіктермен жүз шайқасып жүрсе, енді бірі баспана кезегіміз неге артқа сырғып кетті?? Біздің қолымыз қашан баспана кілтіне жетеді деп арыз-шағымдарын арқалап, ақпарат құралдарынан көмек сұрайды. Мәселен, Талдықорған қаласында тұратын Бақыт Нұрғазинов ақсақалдың редакцияға жазған арызы бойынша Талдықорған қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрым Әлиұлына барып төмендегідей жауап алдық.

Баяғыда Жиренше шешен күркеден аяғын шығарып жіберіп «өз үйім өлең төсегім» деп жата кеткен екен деген аңыз әпсана бар-ды. Сол Жиренше айтпақшы, баспана мәселесі XXI ғасырда өзектілігін жоймай тұр. Ауылда да, қалада да баспана, жер телімін сұрап, әкімдік табалдырығын тоздырып жүргендер өзіміздің қара көздеріміз. Әсіресе, үй кезегінде тұрғандар талай мәрте даурығып, кезегіміз алда тұрсада бізден кейін тұрғандар баспаналы болды. Әкімдік өздерінің тамыр-таныстарына үлестірді деген талай айғай шудың куәсі де болғанбыз. Бұл тек бір Алматы облысына ғана тән құбылыс емес, республиканың барлық аймағында баспана жыры жиі шу болып тұрады. Кейінгі жылдары ұзақ кезекте тұрып, сарылып, сарғайып жүріп алған баспаналарынан олқылықтар шығып, ұлардай шулаған тұрғындарды да көріп жүрміз. Енді редакцияға шағымданған Бақыт Нұрғазиновтың баспана мәселесіне ойыссақ.

«2012 жылы тұрғын үй кезегіне 598-ші болып тіркеліп едім. Алға жылжудың орнына кері кетті. Өзім де, әйелім де зейнеткерміз. Өзім екінші топ мүгедегімін. Қалада Барлыбек Сыртанұлы көшесіндегі 75 үйде пәтерде тұрамын. Жасым 70-ке таяп қалды. Алты адам құстың ұясындай бір бөлмені жалдап тұрып жатырмыз. Әкімдіктің табалдырығын тоздырып, шаршадық. Ел қатарлы баспанаға қол жеткізе алмадық. Үй кезегім 598-ден 1312-ге бірақ сырғыпты. Сонда мен қашан баспаналы боламын. Бұл барып тұрған заңсыздық қой» деген Нұрғазиновтың өтінішіне орай мәселенің ақ-қарасын айыруға тырыстық.

«Бақсам бақа екен» демекші, үй кезегінің кері сырғуына баспана алудың жаңа реформасы себеп болыпты. Тұрғын үй бөлімінің басшысы Нұрым Әлиұлының айтуынша, Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары заңы қайта қаралып, алты санатқа біріккен. Бұрын болған 19 санат ықшамдалып бір арнаға жинақталған. Реформаланған жаңа санатқа орай Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүгедектері, жетім балалар, көпбалалы аналар, әлеуметтік жағынан осал топтар, мемлекеттік, бюджеттік қызметкерлер, сонымен қатар әскерилер мен ғарышқа ұшуға үміткерлер және үйлері апатты жағдайда деп танылған заңда айрықша көрсетілген дейді. 2000 жылдан бастап бізде заңсыз 19 санат болған. Олардың бәрі ретке келтірілді. Оны біз ойлап тапқан жоқпыз. 2017 жылдан бастап, «ЦСП» деген орталықтандырылған бағдарлама өндіріске енгізілді. Қазақшасы «Сервистік өнімдік бағдарлама, кезекте тұрушылардың бірыңғай тізілімі» деп аталады. Бұл бағдарлама «Нұр-Сұлтанда» орталықтан басқарылады. Оны ешкімде өзертіп, кезекті сырғыта алмайды. Баяғыдай тамыр-танысына береді. Әкімдік сатып жіберді. Туған-туысына бөліп береді. Анаған-мынаған бөледі деген қауесет енді болмайды. 2020 жылдан бастап Қазақстан бойынша бірыңғай база өндіріске алынды. Бұл бағдарлама 2021 жылдан бастап іске аса бастады. Бұл заңға сәйкестендіру жоспары, заңсыздықтардың барлығын біріктіріп, заңға сәйкестендіріп, алты санатқа бөлінді. Бұл ТҮКШ-нің немесе әкімнің ісі емес, бүкіл республика бойынша енгізілген бағдарлама. Енді арызданушы Нұрғазиновтың үй кезегінде 598 болып тұрып, неліктен артқа сырғып 1312-ші болып тұр деген сауалға келсек. Бұл кісі әлеуметтік осал топтар қатарына кезекке тұрған. Екінші топ мүгедегі. Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен соғысқа теңестірілген ардагерлер мен бірінші екінші топтағы мүгедектер және созылмалы аурумен ауыратындар, зейнеткерлер, жалғыз басты аналар, оралмандар, әскери қызметте 20 жылдан астам жұмыс істе-гендер, осы бағдарламаға кіргендіктен Нұрғазиновтың кезегі артқа жылжыды. Себеп кезекке тұрғандардың тізімі 2004 жылдан басталады. Сондықтан бұл жерде 9 категория бірігіп тұр. Бұл кісі үй кезегіне 2012 жылы тұрған және әлі де мүгедектік кезекте тұр екен. *Бүгінгі таңда пәтер кезегінде 15000 адам бар. Оның ішінде әлеуметтік жағынан қорғалатындар 6 600 адам. Біз тек қана арендалық үйлерді кезекпен береміз. Былтыр мысалы 120 үй берілді. Биыл 200-300 үй берілу керек деп жоспарлануда.. Ол құрылыс бөлімі қанша үйді тапсырысқа береді соған байланысты. Биыл бізге несиелік үйден 55-60 пәтерлік төрт үй берілді. Олар бір бөлмелік, екі, үш және төрт бөлмелік үйлер. Бұл «Шаңырақ» бағдарламасымен берілген баспаналар. Ал, ипотекалық үйлерді банктер береді. Несиелік үйге әлеуметтік осал топтарда қатыса алады. Олар кезекте тұрып, «Бақытты отбасы» немесе жергілікті 20-25 бағдарламасымен қатыса ала-ды. Несиеге қаражаты жетпегендерді біз алғашқы жарнасы ретінде бір миллион бес жүз мыңға дейін баспана сертификатын береміз. Бұл қайтарымсыз, және қайтармалы несие немесе грант арқылы беріледі. Олар алдымен банкке барып, рұқсат (одобрение) алады. Содан кейін бізге арыз жазады. Олардың үй алатын қаражаты жоқ болса, әрі кезекті әлеуметтік осал отбасына жатса және табыс көзі төмен болса, бұл кісілерге баспана сертификаты беріледі. Қалған соманы банк ай сайынға бөліп береді, оны несие алғандар төлеп тұруға міндетті. Қаңтар айынан қазанға дейін баспана кезегіне 3000-ға жуық адам өтініш берген. Олардың 400-ге жуығы рұқсат алды. Ал, Нұрғазиновтың қашан үй алатынын дәл тұспалдап айта алмаймын. Тіпті, жылына 300 баспана бергеннің өзінде, бұл кісі төрт жылда үй ала алады.» Әлі қалсам үйсіз немерелерім далада қалама» деген сауалына орай, Құдай оның бетін әрі қылсын. Бір жағдай бола қалғанда оның әйелі немесе балалары немесе құжатта жазылған немерелері кезекті сақтап қала алады. Қазақстан бойынша бірыңғай сервистік, өнімдік бағдарламасына орай, Нұрғазиновтың үй кезегінің 598-ден 1312 не себепті сырғығанын өзіне де түсіндіріп айттық. Тек қана бұл кісі емес, түсіндіру жұмыстары кезектері сырғыған және шағымданып келген үй кезегінде тұрушылардың барлығына арнайы жиын өткізіп айтылған болатын. Сондықтан бұл жерде ешқандай заң бұзушылық жоқ» деді,* — Талдықорған қалалық тұрғын үй бөлімінің басшысы Нұрым Әлиұлы.

Мақала басында айтылғандай, жергілікті әкімдіктің құзырында болғанда 19 санатқа бөлінген пәтер кезегінде тұрушылардың «Сервистік өнімдік бағдарлама кезекте тұрушылардың бірыңғай тізілімі» үй кезегінде тұрып, кезектерінің артқа сырғығанына біраз адамдарды қапаландырғаны ақиқат. Бірақ, 2021 жылға дейін ескі қағидамен жұмыс атқарған әкімдікке бұл жаңа бағдарлама баспана туралы дау-дамайдың түйінін тарқатады. Барлығы бір орталықтан басқарылады. Оны Нұр-Сұлтандағы электронды орталық қадағалайды. Бұл біздің жұмысты жеңілдетеді. Енді үйдің кезегінде тұрғандар электрондық жүйеде кезектерінің қаншалықты

ТҮЙІН ОРНЫНА: Күрмеуі түйінді күйінде қалып тұрған баспана туралы алты санатты бағдарлама қаншалықты жемісін береді. Оны алдағы уақыт көрсетеді. Әзір көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көбіне-көп, құрылғанына төрт жыл болған, «Харекет» республикалық қайырымдылық қоры, республика бойынша қазан айын қосқанда 506 баспана үлестірсе, ал Талдықорған қаласында 35 адамға үй әперуге жәрдескескен. Сондай-ақ, облыс орталықтарындағы мешіт жанынан құрылған Республикалық «Зекет» қоры республика бойынша 460 баспана сыйға тартса, соның 80-і Жетісу өңіріне берілген. Жыл аяғына дейін тағы 3-4 баспана беру жоспарда бар дейді. Баспанадан зарыққан адам бір бөлмелі пәтерді жалдап тұрған Бақыт Нұрғазиновта мүмкін осы «Харекет» және «Зекет» республикалық қайрымдылық қорларына өтініш айтып көру керек шығар. Ал, тұрғын кезегімен баспана алу үшін әлі ұзақ уақыт күтуге тура келеді. Екі бірдей зейнеткердің, әрі әйелінің денсаулығына алаңдаған Бақыт ағамызға осы қайрымдылық қорлары жәрдемдесіп қалуы бек мүмкін..

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 25 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.45 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.25 «Күміс-көмей»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 Apta
16.05 Т/х «Қанатсыз құстар-2»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.30 Т/х «Қазақ елі»
00.25 «Сана»
02.05 «Ashyq Alan»
02.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Біреудің есебінен»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф «Суверенитет. 418 дней до Независимости»
11.00 Әсем Әуен
11.45, 23.45 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Бүгін»
16.00, 00.15 «Тот, читает мысли (Менталист)»
17.00, 01.15 Сериал « Позывной стая»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Қақпан»
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 М/ф «Алладин»
07.10 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 Т/х «Өрмек»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.50 «Астана таймс»
01.20 Оңай емес
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Аналар
04.00 «Әзілстан» жасырын камера
04.20 «КазNet»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Реализация-2»
01.15 «Однолюбы»
02.35 Т/с «Две судьбы-2»
03.25 «112»
03.50 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.20 Т/х «Журналист»
09.20 «Нулевой цикл»
11.30 «Ни за что не сдамся»
11.10 «Можно мне тебе обнять?»
15.50 «Двое против смерти»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «Следствием установлено»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.10 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
23.50 «Игра»
01.20 «Двое против смерти»
02.55 «Mama Mia»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақ үні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Сильные духом»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақ тілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгі дін»
22.30 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 Неге?
08.10, 04.30 «Ризамын»
20.40, 22.40 31 әзіл
09.10 «Жазықсыз»
10.40 «Жанкешті ханымдар»
13.00 «Құзғын»
14.00 «Тимон и Пумба»
14.50 М/ф «Красные туфельки и семь гномов»
16.50 Эктрасенсы-детективы
18.00 Х/ф «Большой солдат»
20.00 Информбюро
21.00 «Ханшайым»
23.30 Х/ф «Тайное окно»
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 Д/ф «В мире чудес»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Келесі кім?»
10.30 «Орел и решка»
11.45 Х/ф «Рокки Бальбоа»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00 «Q-Елі»
16.40 «Тайны госпажи Кирсановой»
17.40 «А у нас во дворе»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Балабол-2»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Няня-мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша.Адал махаббат»
01.20 Х/ф «Новая полицейская история»

Сейсенбі - Вторник, 26 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.00 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00, 21.30 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Talpyn»
15.50, 23.30 Т/х «Қазақ елі»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «Сана»
02.05 «Ashyq Alan»

ХАБАР

06.00 «Біреудің есебінен»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Д/ф Журналистік зерттеу «Қазақтың қаршығасы»
11.00 Әсем Әуен
11.45, 22.20 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Большая неделя»
16.00, 23.30 «Позывной стая»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тарих айнасы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Қақпан»
01.15 «Discovery : Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Алладин»
07.10 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 Т/х «Өрмек»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.50 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Аналар
04.00 «Әзілстан» Жасырын камера
04.20 «KazNet»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
11.00 Х/ф «Русские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кереміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Реализация-2»
01.10 Х/ф «Лучшие враги»
01.15 «Однолюбы»
02.35 «Две судьбы-2»
03.40 «112»
03.50 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.40 Т/х «Журналист»
09.40 Новости
10.20 «Было дело»
11.30 «Игра»
13.40 «Испытание-2»
15.50 «Двое против смерти»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «Следствием установлено»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
00.00 «Игра»
01.30 «Двое против смерти»
02.20 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
03.05 «Mamma Mia»
03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Безбен»
15.30 «Бүгінгі дін»
16.30 «Единый народ»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Туған жерім» Ләззат Байырбекованың шығармашылық кеші
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Информбюро
07.40 «Жанкешті ханымдар»
08.40 Т/с «Жазықсыз»
10.10 «Жанкешті ханымдар»
10.00, 10.30 М/ф «Тимон и Пумба»
11.00, 21.00 «Ханшайым»
13.30 Т/с «Құзғын»
14.20 Сериал «Чужой»
16.40 Экстрасенсы-детективы
17.50 Худ/ф «Перевозчик-3»
19.55 Пенсия.kz
20.00 Информбюро
22.30 31 әзіл
23.30 «Восемь первых свиданий»
01.20 Кел, татуласайық!
03.20 Алдараспан, шаншар әзілдері
04.00 Т/с «Жазықсыз»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.40 Т/с «А у нас во дворе»
11.15, 19.30 Т/с «Балабол-2»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.45 «Q-Елі»
16.40 «Тайны госпажи Кирсановой»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Няня-мэн»
00.10 «Арам ақша. Адал махаббат»
01.20 «Тайная жизнь моего секретаря»

Сәрсенбі - Среда, 27 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.00 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00,17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 Т/х «Ақ жауын»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Бибі ана»
15.50, 23.30 Т/х «Қазақ елі»
17.15 «Qyzyq eken»
20.50 Футбол. «Қайрат» - «Пльзень»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.25 «Сана»
02.05 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Біреудің есебінен»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем әуен
11.45 Т/х «Пәленшеевтер»
13.00, 22.30 Т/х «Пәленшеевтер-4»
14.00 Т/х «Бәсеке»
15.00 «Бүгін»
16.00, 23.30 «Позывной стая»
18.00 «Мегахит»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
01.30 «Discovery: Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Аладдин»
07.10 Т/х «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 Т/х «Сүлейман Сұлтан»
17.00, 17.30 Т/х «Өрмек»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.50 «Astana times»
20.55 «Loto 6/49»
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Аналар
04.00 Той жыры
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы Таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
11.00 Худ/ф «Русские Горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Кереміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Реализация-2»
01.15 «Однолюбы»
02.35 «Фурцева. Легенда о Екатерине»
03.40 «112»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Ясминнің тағдыры»
08.40 «Журналист»
09.40 Новости
10.30 Было дело
11.30 «Игра»
13.40 «Испытание-2»
15.50 «Двое против смерти»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «Следствием установлено»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
23.50 «Игра»
01.20 «Двое против смерти»
02.10 «Астарлы ақиқат»
02.55 «Mamma mia»
03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Полицейская служба»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Жүрек сөзі»
15.30 «Әсем әуен»
16.20 «Кәтелік»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)
20.10 «Тұғырдағы тұлға»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сүйгеніңді бағала» Ербол Байырбековтың шығармашылық кеші
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.40 Информбюро
07.40 «Жанкешті ханымдар»
10.00, 10.30 М/ф «Тимон и Пумба»
11.00, 21.05 Сериал «Ханшайым»
13.00 «Құзғын»
14.00, 22.40 31 әзіл
14.40 Сериал «Чужой»
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.00 «Восемь первых свиданий»
20.00 Информбюро
21.00 Zeinet.kz
23.30 «Напарник»
01.20 Кел, татуласайық
03.20 Алдараспан, шаншар әзілдері
04.00 Сериал «Жазықсыз»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

7 канал

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Қазақстан»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.40 «А у нас во дворе»
11.15, 19.30 «Балабол-2»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.45 «Q-Елі»
16.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 Т/х «Няня-Мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.20 «Тайная жизнь моего секретаря»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨЗҚАРАС

Қарыз күліп барып, жылап қайтады

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА БАНКТЕР МЕН МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚАРЫЗ ЕМЕСТЕР НЕКЕН САЯҚ ШЫҒАР. ЖЕР ТЕЛІМІН, БАСПАНА, ТІПТІ ТОЙ ЖАСАУ, АС БЕРУ ҮШІН ДЕ БІР-БІРІМЕН БӘСЕКЕГЕ ТҮСКЕН ҚАЗЕКЕМДЕР ШАМА- ШАРҚЫНА ҚАРАМАЙ, НЕСИЕДЕН-НЕСИЕ АЛЫП, БЕЛШЕДЕН ҚАРЫЗҒА БАТЫП ЖҮР. «СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БОЛАРЫН» ОЛАР БІЛМЕДІ ЕМЕС БІЛДІ. ҚАРЫЗ АЛҒАНДА КҮЛІП АЛЫП, ҚАЙТАРАТЫН КЕЗДЕ ЖЫЛАП, ТӨЛЕУГЕ ШАМАМЫЗ ЖЕТПЕЙДІ, БАНКТЕР БІЗДІҢ ҚАРЫЗЫМЫЗДЫ КЕШІРСІН ДЕП ЕРЕУІЛДЕТКЕНДЕР ӘЛІ ДЕ ТЫЙЫЛАР ЕМЕС.

Президентке, Үкіметке хат жазып, жәрдем берулерін сұраған соң «Пандемия» мен «Ковид-19» ушыққанда мемлекет тарапынан кешірім де жасалып, біраз борышкерлердің қарызы Үкімет тарапынан өтеліп те берілді. Ал, қарыз алушылар банктер мен микроқаржылық ұйымдардың қарыздан бөлек үстемақы төлемдеріне аса мән бермейтіні кейін өздеріне соққы болып тиерін білмейді емес, біле тұра несие алып, уақытылы төлеу мезгілі келгенде «сасқан үйрек артымен сүңгидінің» керін жасап, неше түрлі қаржылық ұйымдардан тағыда қарыз алып, өтей алмаған несиесін жауып, шамның жарығына айналған көбелектей отқа күйіп жүр. Тіпті, несиелерін төлей алмай, баспаналарын, дүние-мүліктерінен айырылып, өздерін өртеп, одан қалса кранның төбесіне шығып, суицид жасамақ болғандар да болды. Алматы қаласында сот орындаушылар несиелік қарызын төлемегені үшін баспанасын босатуды талап еткенде бес адамды атып тастаған күдікті бұл қылмысқа қасақана барды деп айтуға аузың да бармайды. Міне, солқылдаған сыздауық кеулеп, ісіп жарылғанда барып, мәжілісмендер борышкерлердің қарыздық жүктемесін азайтып, несие берушілердің жауапкершілігін арттыру қажет деген мәселені көтерді.

Депутаттар бес адамның өмірі қиылған Алматыдағы трагедия қаржы ұйымдары мен қарыз алушылардың арасындағы бірқатар мәселенің беті ашылғанын айтуда. Айтуларынша, былтыр банктердің талабы негізінде 185 мың іс атқару өндірісіне алынған. *"Ал, жалпы азаматтардың банктер алдындағы берешегі 1,9 триллион теңгені құраған. Яғни қазір жеке сот орындаушылары мыңдаған қазақстандықтан қарызын өндіріп алу рәсімін жүргізіп жатыр. Сондықтан олар несие алушылардың құқығын қорғау үшін бірқатар ұсыныс дайындапты. Мәселен, банктерге берешегін дер кезінде қайтара алмаған азаматтардың қарызына қосылатын үстемақы мен айыппұлды есептеуді 90 күннен соң тоқтату. Бұл борышкерлердің қарыздық жүктемесін азайтып, несие берушілердің жауапкершілігін арттыру үшін банктер мен микроқаржылық ұйымдарды кепілге қойылған үйді сатқаннан кейін ипотекалық қарыз қалдығын кешіруге міндеттеу қажет. Сондай-ақ несиесін мерзімінен бұрын өтеген тұрғындар қандай да бір қосымша төлемнен босатылуы тиіс"*, – дейді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжан Жамалов. Ал, Алматы облысы Әділет Департаменті Атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету бөлімі, ағымдағы жылдың 9 ай қорытындысы бойынша Алматы облысының сот орындаушыларымен борышкерлерден екінші деңгейлі банктік мекемелерінің пайдасына жалпы қарыз сомасы 169 240 000 000 теңге көлемінде 57 000 мыңнан астам атқару өндірісі қозғалып, 9 айда борышкерлерден 4 129 717 417 теңге қарыз сомасы өндіріліп, 16 513 атқару өндірісі қысқартылды. Сот орындаушыларға қатысты қоғамда екі ұдай пікір бар. Бірі жақтайды бірі даттайды. Жеке сот орындаушылар мен мемлекеттік құзырдағы жеке сот орындаушылар тарапына айтылып жатқан сындар бүгінде қоғам талқысынан шығып, парламент мінберіне көтерілді. Алайда, атқару өндірісінің орындалуы бойынша, сот орындаушы өзіне орындауға келіп түскен атқару құжатын қозғаған күннен бастап борышкерлерге атқару өндірісінің қозғалғандығы және еркін түрде орындау қажеттілігін немесе орындаудан бас тартқан жағдайда борышкердің жауапкершілігін ескерту туралы хабарламасын жолдайды. Дейтұрғанмен борышкерлердің басым бөлігі атқару өндірісінің талаптарын мүлтіксіз орындауын ескере бермейді. Созбалаңға салады. Түрлі сылтаулар айтып, жасырып бағады. Мемлекет алдындағы қарызын уақытылы төлеуден жалтарады. Немесе жұмыстарынан қысқартылып, қаржылық қиыншылықтарға тап болады. Мұндайда, қарыз алушы банктерге және микроқаржылық ұйымдарға барып, өтініш жазып, қарызды уақытылы төлеуге мүкіндігі жоқтығы ескертпейді. Осындай жағдайда, сот орындаушылармен борышкердің мүліктік жағдайы және банктік есеп шоттары тексеріледі. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 32 бабына сай, сот орындаушы өзіне орындауға түскен атқару өндірісі бойынша келесідей



іс-әрекеттер қабылдауға міндетті. Ол дегеніміз борышкердің жылжыйтын немесе жылжымайтын мүлкі анықталған жағдайда тиісті қаулы шығарып тыйым салуға, банктік есеп шоттарын анықтау, белгілі бір іс-әрекеттермен айналысуға тыйым салу, Қазақстан Республикасының аумағынан шет елге шығуға уақытша шектеу қою т.б. шаралар қолданылады. Несиелік қарыздарын төлеуден жалтарып жүргендіктен Алматы облысында, атқару өндірістері бойынша 100-ден астам борышкерге іздеу жарияланған. Іздеуде жүрген борышкерлердің қарыз сомасы 732 022 188 теңгені құрайды.

Орындаудан жалтарып жүрген борышкерлерге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 669 бабы бойынша әкімшілік соттары арқылы 1-5 тәулікке дейін қамауға алу және айыппұл тағайындау немесе Қылмыстық кодексінің 139 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатындығы қарастырылған. Жалпы несие алушылар, қарыз аларда «жеті рет ойланып бір кескені» дұрыс болады. Себебі, қарыздың қайтарымы болатынын жауапкер мұқият зерделеуі керек. Қашып-пысып, мемлекет пен жасырынбақ ойнағандардың қадамы ұзаққа бармайды. Әсіресе, дүние мүліктерін кепілге қойып, несие алушылар бұл қағиданы естен шығармағандары абазал болар еді.

9 айда мемлекеттік және жеке сот орындаушыларымен бірігіп 230-дан астам борышкер әкімшілік жауапкершілікке, 6 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қазіргі таңда, Алматы облысы Әділет Департаменті және Алматы облысының жеке сот орындаушылар өңірлік палатасымен атқару құжаттары бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Атқару өндірістері бойынша өндіріп алушылардың әрбір туындап жатқан сұрақтарын жіті талқыланып олардың қойылып жатқан сұрақтарына, жауаптар беріліп, кейбірі қанағаттандырылуда.

Біз тек заң аясында ғана әрекет етеміз. Тек соттың шешімдерін орындаушымыз. Көбіне көп адамдар өздерінің банктік шоты бұғатталғаны, айыппұл өндіріп алу туралы сот шешімдерінің сыртай шығарылғандығы жайлы айтып жатады. Жеке сот орындаушыларының барлық жұмысы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңда нақты белгіленген. Осы заңның 138-бабының 1-тармағы жеке сот орындаушылар мемлекеттен өндіріп алудан басқа жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындап жатады. Заң мұндай құжаттарға не жататынын ашық көрсетіп берді. 1) мемлекеттен өндіріп алу; 2) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке және олармен үлестес заңды тұлғаларға тиесілі заңды тұлғадан өндіріп алу; 3) табиғи монополиялар субъектілерінен немесе тауарлар және көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие субъектілерден өндіріп алу; 4) өндіріп алу мөлшері бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы мемлекет пайдасына өндіріп алу; 5) мүлікті тәркілеу не мүлікті мемлекетке беру туралы; 6) мемлекет мүддесіне жүргізілетін үйден шығару, үйге қоныстандыру, үйлерді бұзу, жер учаскелерін алып қою және басқа да істердің санаттары туралы атқарушылық құжаттарды қоспағанда, осы Заңда көзделген барлық атқарушылық құжаттарды қабылдайды. Осылайша, егер атқарушылық іс жүргізу осы айтылған алты тармаққа жатпайтын болса, онда жеке сот орындаушысы оны жеке тұлғадан және заңды тұлғадан да қабылдай алады. Мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығарылмас бұрын айыппұл салған мемлекеттік орган құқық бұзушымен өндіріп алуды ерікті орындау бойынша алдын-ала жұмыс жасайды. Құқық бұзушы өндіріп алуды ерікті түрде орындаудан бас тартқан жағдайда ғана мәжбүрлеп өндіріп алу туралы шешім қабылданады. Бұл ретте құқық бұзушы өкілетті органға әкімшілік айыппұлды төлегенін растайтын құжатты өзі ұсынуға міндетті. Егер құжат ұсынылмаса, мемлекеттік орган айыппұлдың төленгенін білмейді, сол себепті мәжбүрлеп өндіріп алу туралы шараны қабылдауы мүмкін. Осылайша, әкімшілік айыппұл салған мемлекеттік орган аталған айыппұлды ерікті түрде 30 күн немесе үш ай ішінде борышкермен ерікті түрде төленген қолма-қол ақшамен өндіріп алу не борышкердің жұмыс орнына немесе борышкердің табыс табатын жеріне қаулы жіберу арқылы өндіріп алу үшін барлық шараны қарастырады. Тек ерікті орындау мерзімі біткен кезде борышкер ерікті түрде төлеуден бас тартса және жұмыс істемесе, не зейнетақы, не шәкіртақы алмаса, яғни бас табыс көзі болмаса, онда әкімшілік айыппұл салған орган мәжбүрлеп өндіріп алуға қаулы шығарады да оны жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жібереді. Айыппұлды мәжбүрлеп өндіріп алуды орындатуға арналған қаулыға тұлғаның айыппұлды ерікті түрде төлеуі хабарланғаны туралы фактіні дәлелдейтін құжат пен салық органының айыппұлдың төленбегені туралы анықтамасының көшірмесі қоса беріледі. Жеке сот орындаушысы банк шоттарын бұғаттай алады.

Е. АБДЫҒАЛИЕВ,
Алматы облысы Әділет департаментінің атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДАСТАН

ЖОЛБАРЫС БАБА

Бұл жырымды бабамыз Жылқайдарұлы Жолбарыс бидің 350 жылдығына арнаймын.

Таулы жер ойлы–қырлы тегіс болмас.
Төрт түлік түгенделмей өріс толмас.
Жаздым жыр қалам алып бабам жайлы
«Жолбарыс бата бермей – жеңіс болмас!»
«- Е, құдайым!
Елді – жұртты малды қыл,
Өсіп- өнген жанды қыл.
Адалдықты ұстанып,
Әділдікке құласа,
Алты алаштың алды қыл!
Әумин!»

(Жолбарыстың батасы)

1-бөлім

Бисмилләһ, сөз басы!
Тарихымды қозғасын!
Кешегі өткен бабамның
Аманаты тозбасын.
Нақақ жетім-жесірдің
Төгілмесін көз жасы.
Сонау өткен ғасырда,
Ер каруын асынған,
Шұбар атам – Жолбарыс
Туған екен асылдан.
Алатаудың төрінде,
Жалайырдың елінде.
Өткен екен жарықтық
Жетісудың жерінде.
Айбатынан ай бұққан,
Кезіккен жау қаймыққан.
Күшіктен шыққан Жолбарыс
Әулие екен ойды ұққан.
Жаугершілік заманда,
Жауын жыққан табанға,
Орда бұзған орасан
Ие болған қамалға.
Тарихының парасы,
Асыл екен анасы
Қосай менен Қосымбет
Бірге туған жарасып.
Анасы айтқан аманат,
«Көрсетпеңдер жаманат!
Естеріңе салайын
Руларың – ЖАЛАЙЫР!
Деген екен кемсеңдеп.
Тарақ таңба көрсеңдер,
Соңдарынан еріңдер,
Айтқанына көніңдер.
Ұлысыңдар Ұлы елдің,
Сендер барда түгелмін!
Деген екен жарықтық
О дүниеге жүрер күн.
Тарих солай жетіпті,
Ағайынға бекіпті.
Қосымбет пен Қосайды
Бөліп алып кетіпті.
Бәйшегірге – Қосымбет,
Қосылғанда тосын кеп,
Арық екен сидиған
Айта алмаймын расын деп.
Арық бала болған соң
Арықтыным атанған.
Жарықтығым бата алған.
Бәйшегірлер ұлындай
Қалдырмаған қатардан.
Өткен екен осылай
Таусылғанша татар дәм.
...Куәгер ғып халықты ,
Ат үстінде танытпы.
Андас атам Қосайды
Мінгестіріп алыпты.
Ұлы жүздің дарасы,
Андас атам данасы,
Бауырына басқанда
Қосай болды баласы.
Соңынан еріп қалмаған,
Екі иығы талмаған,
Көрген жандар таңданып
Айырмаған арасын.
Еркелетіп жарықтық
«Күшігім»- деп құшқанда
Жоқ ешкімнің таласы.
Содан Күшік атанған
Андас атам баласы
Қосай –Күшік дарасы.
Халық берген бағасын.

2-бөлім

Тарихта аты қалған Қосай – Күшік.
Көңілің елжірейді босай түсіп.
Жері үшін жауға шапқан атой салып
Бел буған, ел -жұртымен қош айтысып.

Жолбарыс бір баласы Жылқайдардың,
Үстіне жүк артпаған бір пайданың.
Апайтөс алып тұлға , балуан жүрек
Алты қырдан дұшпаны сырт айналған.

Әр іске тумайды ма бір қайнар күн,
Түсінде аян болған Жылқайдардың,
Он жасқа толғанынша ат қоймаған
Ертегі емес шығарған жұрт ойдан бұл.

Бір ақсақал сол үйге түстенеді,
Сол сәтте ашылады түс дерегі.
Жолбарыс!- деп үш рет атап кеткен
Аңызына айналып Үштөбенің!
Аты солай ғайыптан түскен еді...

Ақсақал да жөнімен кете берген.
Аяны бір тәңірдің жеке келген.
Мергендікпен, ат баптап, күресумен
Жолбарыстың әр күні өте берген..

Ер жетіп босамаған қолғабыстан,
Әкесі үміт күткен Жолбарыстан.
Жасынан сайыпқыран, алып тұлға
Қажымаған, қайтпаған алған істен.
Жылқайдар еншілерін бөліп берген,
Төрт ұлына теңдей ғып төгіп берген.
Жолымбет, Есенгелді, Төлебай мен
Мақардың еншілерін көріп келген.

Келе сап әкесіне дат айтады,
Қабағын көңілсіздеу қатайтады.
« Еншімді бермедіңіз, әкешім!-деп
Назданып жүрегіне бата айтады.

-Түсінсең құлағыңды ас, сөзімді анық!
Мен сенен көріп жүрмін төзім барын.
Еншіңді айдап кеткен барымтаға
Батырсың, айдап әкел өзің барып!

Жолбарыс аттанады еншісіне,
Серік боп бойындағы ен күшіне.
Бәсіре аты Шұбарға мініп алып
Мың бас қойлық қыстаудың келді ішіне.

Қораның қиы да әбден кепкен екен,
Байекең жалшыны іздеп кеткен екен.
Алты жігіт жабылар шаруаға
Жолбарыс жалғыз өзі жеткен екен..

Тазаланып біткенде қой табаны,
Байекең кеп таңданып жай табады.
Жылқысын барымтаға айдап кеткен
Жолбарысқа разы боп қайтарады.

Аңызға да бірталай ғасыр өтті,
Дүйім жұртқа таң болып қасиеті.
«Біт атадан жалқы едім, кешіңіз!» - деп
Барымташы тізерлеп бас иеді.

Тең ұстап ақыл, қайрат, намыс бәрін,
Жығатын арпалысып алысқанын.
Бойына күш, жанына рух беретін
Бар екен соңына ерген арыстаны.

3-бөлім

Тәуекелдің туын жықпай қатардан,
Заманының заңғар ұлы қаһарман.
Елдестірген Ресей - Қытай асуы
« Жолбарыстың Емелі» деп аталған.

Ел аузында ерлігі, елшілігі,
Бір бойында болмаған кемшілігі.
Әділдігі Алланың берген сыйы
Қара қылды қақ жарған тең шығарып.

Осы күнге жетті тарих, жетті аңыз,
Үштөбенің Қалпесіне тоқтаңыз.
Әулиенің жатқан жері осы маң
Сыр шертеді дархан дала, жатқан із.

Бір өзіне бере салған барлығын,
Қайран баба арқалаған ар жүгін.
Ерліктері ел аузынан түспеген
Айтылатын атқан таңды таңға ұрып.
Қазағыма жанып туған ұлы еді,
Әулие-би, алып тұлға түр-өңі.
Баукеспені бір тылсымнан тексеріп
Шыбық кесіп қаралығын біледі.

Қара сұйық тамады екен шыбықтан,
Ешбір ұры құтылмаған құрықтан.
Тізе бүгіп кешірімге жығылып
Баукеспе ұры мойындайтын құныққан.

Эпилог

...Батасы босатпаған алақанды,
Құдірет осындай ұл жаратар-ды.
Жарықтық мекендепті ие болып
Бақанас, Лепсі – Қалпе, Қаратадды.

Дастаным осы жазған жайыл көпке,
Тұрғанда күнім күліп, айым көкте.
Ескелді би, әулие Балпықтар мен
Замандас, сырлас болған Райымбек те.

Қазақтың алға бассын алған ісі,
Жауына тапталмасын ар- намысы.
Батасы тие берсін тілегенге
Рух беріп Шұбар ата Жолбарысы.

Бойында кие жатыр Үштөбенің,
Көруге Қалпе жерін құштар едім.
Ұрпаққа үлгі болсын батырларым
Асқақ рух, намыс дарып, күш береді.

Келмейді жақсы тірлік оңайынан,
Қорғаған елін-жерін талай ұлдар.
Жолбарыс би, әулие, әрі батыр
Алып тұлға ер шыққан Жалайырдан.

Күн шағылған шырақтай қос айнасы,
Ол кім? - десе, – Қосымбет Қосай десін!
Кешегі өткен Күшіктің кемеңгері
Жолбарыс бабам рухы жасай берсін!

Сәнді КҮРЕҢБАЙҚЫЗЫ,
Қазақстан авторлар қоғамының мүшесі, ақын.
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

ЗҰЛЫМДЫҚ ПОРТРЕТІ

Оның үйі қаланың ең шетінде орналасқан еді. Екі бөлмелі, шағын ғана жер үй. Кішкентай ауласы бар. Бұл үй елеусіздеу болғандықтан ауладан ешкім басын сұғып қараған емес. Көршілері де бұл үйге әлдебіреудің келгенін ешқашан байқамапты. Өзінің ешкіммен аралас-құраластығы да жоқ. Тек оған анда-санда келіп аман-саулығын біліп тұратын досы бар. Досының қашан келіп, қашан кететіні оның өзіне ғана аян. Мұны бір білсе, қай уақытта ұйықтайтыны белгісіз, қашан көрсең есігінің алдында белгісіз жаққа телміріп отыратын көрші орыс кемпір білуі мүмкін. Басқалар ештеңеден хабарсыз. Керек десеңіз осы үйде тірі жан тұрады-ау деп елемепті. Біздің кейіпкеріміз бұған мүлдем бас ауыртпайды. Енді оның күнделікті тіршілігінен ақпар берсем деймін.

Үйінің бір бөлмесі ас үй, сонда тамақ ішіп, сонда ұйықтайды. Екінші бөлмесі тау-тау болып үйілген кітаптарға толы. Аяғыңды алып жүрудің өзі қиын. Осы бөлменің ішінен өмір бойы атын естіп көрмеген авторлардың кітаптарын, сондай-ақ қолға тие бермейтін сирек қолжазбаларды кезіктіресің. Оның бар ермегі кітап толы бөлменің бір шетіндегі кішкентай үстел үстінде отырып, үнемі шұқшиып қағазға әлденелерді жазу, одан қалса кітаптарды ақтарыстыру, қайта жазу. Ол жазуды қашан бастады, не үшін жазды, өзге түгіл өзі де білмейді-ау шамасы. Шаршай бастаса қолына темекісін алып, оны тұтатқаннан кейін құшырлана сорғыштап, түтінді ауыр деммен сыртқа лықыта шығарғаннан кейін бөлмеге кіре берістегі сол жақ қабырғаға жанарын қадап, ұзақ қарайтын. Бұлай қараудың да өзіндік сиқыры бар, қабырғада бір қолын көтере сөйлеп тұрған Гитлердің бейнесі салынған үлкен картина ілулі тұратын. Майлы бояумен салынған осы картинаны үйге алып келген өзі болатын. Бұл картинаны қаланың орталығындағы бақта қызығушылық танытқандардың портретін аз ғана ақшаға салып беріп, сонымен күнелтіп жүрген бір суретшіге салғызғаны есінде. Әуелі уақытым жоқ деген суретші, оның тарапынан қомақты қаржы төленетіндігін естігеннен кейін келісім бергені бар. Межелі күні келген оған суретші картинаны ұстатып тұрып, төленетін ақшадан бас тартты. «Басында бұл сурет ақшаға келісілген еді. Бірақ сіздің осы картинаны салғызуыңыз маған ерекше әсер еткендей. Сондықтан маған ақшаңыз қажеті жоқ. Енді аштан өлсем де көшеге шығып сурет салмаспын. Тек уақытыңызға табылса, менімен бірер сағат әңгіме дүкен құруға қарсы болмассыз» деп өтінген еді. Картинаның сәтті шыққанына қуанған ол келісім берді. Екеуі аздап күрең қызыл коньяк ішті. Арғы-бергіні қозғап бір-біріне әңгіме айтқан болды. Қайтар кезде суретші бұдан не үшін Гитлердің портретін салуды өтінгенін сұрағанмен, мардымды жауап бермей, қоштасып шығып кеткен. Одан кейін қанша уақыт өткені есінде жоқ. Тек сол күні үйіне келген досы Гитлердің үлкен портретін көріп, жағасын ұстап шошынған. «Бұл зұлымдық портреті. Оған ешқашанда төрден орын жоқ» деп қысқа қайырған досы, одан кейін бұл портреттен тезірек құтылудың жолдарын талай айтқан болатын. Досының айтқандарымен еш келіспеген ол: «Сен қалай айтсаң да өз еркің, бірақ ендігәрі бұл суретті «Зұлымдық портреті» деп атамауыңды өтінемін» деген. Адамның санасында дүниеге келіп үлгерген ой қайтадан қылаң бермей қоя ма, екеуі кездескен сайын әңгіменің басы осы портреттен басталатын немесе аяғы солай аяқталатын. Бір қуанарлығы «Зұлымдық портреті» деген атау аталмайтын. Бәрібір жоғарыдағы әңгімелер оның әбден қитығына тиіп біткені рас. Соңғы кездері досының үйіне келгенін де жақтырмайтын. Жек көре бастады. Досы мұны іштей түсінбейтін. Қателеспесе бүгін досының келетін күні. Портретке қадала қараған ол бір сәтке есін жиып орнынан тұрды да, ас үйге беттеді. Шкафтың ішінен ауызы ашылған бір бөтелке арақты және екі қырлы стаканды алып шықты. Қайтадан жұмыс бөлмесіне келіп арақ пен стаканды үстел үстіне қоя бергені сол, есік сықыр етіп ашылды. Бірден таныды.

— Кел, кір, әдеттегідей жалғызбын, – деді ол.

Досы үйреншікті қалыппен дәлізге аяқ кимін шешіп, ол отырған бөлмеге келді. Екеуі амандасты.

— Кел, отыр, – деді ол, өзі отырған жерден қарсы беттегі орындықты нұсқап. Сосын үстел үстіндегі шашылып жатқан қағаздар мен кітаптарды қолымен ысырып, едеңге лақтырып тастады. Екі стаканға тең қылып арақ құйды. Бір-біріне ыммен белгі беріп, стакандағы арақты қағып салды. «Ух» деп ауыр күрсінген ол жеңін мұрнына апарып иіскеді де, темекісін тұтатты. Досы жай ғана қабағын тыржитып, одан кейін түк болмағандай кейіп танытты. Бөлме ішіне көз тоқтата қарап еді, баяғы қалпы. Шашылған кітаптар. Жазылған парақтар. Қабырғада ілулі Гитлердің портреті. Тіксініп қалды. Басқа ештеңе өзгермеген. Осы сәтте көмескіленген шоғы бар темекі тұқылын күлсалғышқа салып сөндіріп жатқан ол:

— Ал, жаңалығыңды айта отыр, – деді.

Досы болса қойнына салып әкелген бір газетті үстел үстіне тастады. Ол газетке бір қарап алып:

— Мұны не үшін әкелдің, менің газет-журналды көптен бері оқымайтындығымды білесің ғой, – деді.

— Иә, бірақ бұл газетке сенің бір мақалаң шыққан еді, бәлкім қарап шығарсың.

— Қайдағы мақала, не айтып тұрсың? Мен еш жерге жарияла деп мақала тапсырған емеспін. Тіптен осы үйден аттап баспағаныма қанша уақыт болғанын да білмеймін. Мен үшін ең ұзақ жол сыртқа әжетханаға бару, одан қалса анда-санда түнде дүкенге барып қайту.

— Өткенде өзіңнен оқып шығайын деп алып кеткен едім, жақсы дүние болғаннан кейін газетке апарып берген едім, кезек күттірмей жариялапты. Бәлкім бұл дүниенің не екенін өзің де ұмытып қалған шығарсың, «Ақырзаман» деп аталады.

— Ақыр заман дейсің бе? – деп сәл уақыт төмен қарап отырды да, — Жә, бәрін қойшы, мына газетті енді маған көрсетуші болма, өзіңмен бірге ала кетерсің. Одан да жалғанда не жаңалық болып жатыр?

— Жаңалық дейсің бе, жаңалық көп қой... Джордж Буш әлі күнге дейін Бен Ладенді таппай сандалып жүр.

— Соны қойшы, әлемді қайтеміз, өз айналамызда не жаңалық?

— Бізде ме, осы бөлме ішіндегідей бір қалып. Қазір есіңде ме, жоқ па, ана бір ескі таныс Таласбайдың баласы базарда әлі арба сүйреп күнелтіп жүр.

— Ім, солай де... менің өз басымда ғана емес, сыртта да ештеңе өзгермепті ғой. Ештеңе етпес.., – деп әлденені жұмбақ күйінде ішіне түйіп, — Кел, одан да тағы бір алып қоялық.

Стаканға толтырып арақ құйылды. Екеуі түбіне дейін төңкеріп тастады. Алпыс екі тамырды қуалаған қан толқи бастады. Досы бір жұтынып алып, сөз бастады.

— Мен осы уақытқа дейін сенің әрекетіңе шыдап келген едім. Бұдан әрі мүмкін емес. Мына сурет, яғни «Зұлымдық портреті» сенің төріңе ілінген күнен бастап менің санамда пайда болған сансыз ойлар маза бермер емес.

Ол досының сөзін бөліп жіберді:

— Біз екеуміз келіскен едік қой, бұдан былай «Зұлымдық портреті» деген сөз қозғалмайды деп.

Досы да қарап қалмады, ашулана түсті.

— Енді маған бәрібір. Бұл айна-қатесіз — «Зұлымдық портреті». Сен оны төріңе іліп әспеттейсің.

— Ал мен зұлымдықты құрметтеймін.

— Алла сақтасын, не деп тұрсың?

— Менің айтарым осы.

— Қырсықпашы, Гитлердің зұлым, қанқұйлы болғанын, миллиондаған адамдардың қанын мойнына жүктегенін айдай әлем біледі ғой. Керек десең сенің әкең де сол соғыста мерт болды емес пе? Мұны қалай түсінбейсің.

— Әке дейсің бе, — қарқылдап күліп жіберді, — енді мен баяғыда қурап қалған әкемнің сүйегін жоқтай алмаймын. Менің әкем тек Отан алдындағы парызы жолында шейіт болды.

Досы түңіліп кетті. Ол сөзін жалғастырды:

— Сенің оқыстан осы әңгімені не үшін бастағаныңды түсіне алмай отырмын. Бәлкім біреулер азғырды ма?

— Біреудің жетегінде жүретін ит қой дейсің бе.

— Онда бұл әрекетіңе жол болсын?!.

— Мен қайталаудан жалықпаймын: бұдан әрі шыдай алар емеспін. Өзімнің төрімде ілулі тұрған сияқты, көңілім тынышталар емес.

— Ә, соңғы кесімің осы болса, бүгіннен бастап жолымыз екіге айырылады.

— Онда жалғыз қаласың.

— Жанымда «Зұлымдық портреті» бар екендігін ұмытпағайсың.

Ауыр кекесін. Өтірік жымиған болды.

— Онда кетемін, — досы орнынан тұра бастады, — Енді осы үйдің табалдырығын аттаудың өзі мен үшін қиямет.

— Отыр.

Дауысы зілді шықты.

— Сен менің соңғы сөзімді тыңдап кет. Бұдан кейін мәңгілікке естімейсің де.

Досы міз бақпады. Қалшиып тұра берді үстелдің жанында.

— Білесің бе, зұлымдық — әлемді қозғаушы күш.

— ...

— Тарихты жасайтын зұлымдық. Егер зұлымдық болмаса тарих бір ізбен ғана аяңдап, сүреңсіз болар еді. Егер жер бетінде зұлымдық болмаса әлдеқашан ақыр заман орнап қояр еді. Ақыл мен ойдың небір дүмпулері зұлымдық әсерінен кейінге шегеріле береді. Егер оның дегендері өз уақытында орындалса, адамзат ақырзаманға қарай адымдап емес, жүгіре түскен болар еді.

— ...

— Бәлкім сен мені ішіңнен садизммен ауырған деп жорамалдап отырған шығарсың. Оған шүбәм жоқ. Біле білсең, садизм бізге әлемді тағы бір қырынан қабылдауды ашып берген жоқ па. Бәрің де әлемді екі лагерге бөліп қарастырасыңдар. Және екінші жағын өлердей жек көресіңдер.

— ...

— Үндемейсің е, ал енді қарсылық танытсаңшы маған.

— ...

— Тарих айта береді, ойына келгенін. Біздің тарих та солай... Әрине, мен әлемдегі небір қанқұйлы тирандардың іс-қимылын ақтап алатын адвокат емеспін. Дәрменім де жетпейді және қажеті шамалы. Дегенмен адамдардың ақыл-ойды өздері алмағандығын, оны өзгеше тылсым күштің бергендігін ескерсек, сенің де, менің де, тіптен барлық адамзаттың саналы түрде жасаған қадамдарының өзін, оның өзі емес, өзгенің бұйрықтары деп түсіну керек. Жақсылыққа шақыратын Жаратушы, зұлымдықтың орын алатындығын күні бұрын біліп отырады. Біліп қой...

— Тфә — тфә...

— Түкірдім сенің қорғансыз қимылыңа. Саған керегі мына портреттің жойылғаны ғой. Ал жоямын, егер ұшпаққа шығар болсаң. Егер осымен жер дүниедегі барлық зұлымдықтың тамырына балта шабылатын болса. Өлілерден емес, тірілерден қорық дегендей, өткен күндегі зұлымдықтан емес, қорықсаң қай қуыстан шыға келетіндігін білмейтін алдыңда күтіп тұрған зұлымдықтан қорық.

— ...

— Бар ендеше, зұлымдыққа жаны қас досым, есік ашық. Сенің өміріңдегі алғашқы бір жеңісің болсын, соның құрметіне мен бүгін «Зұлымдық портретінен» құтылармын...

«Тфә — тфә» — дан өзге бір ауыз тілге келмеген досы, үйден шығып бара жатты. Ауладан көшеге қарай өткенімен, ұзап кете алмады. Кішкентай қараша үйге үнсіз қарап тұрды. Үй ішіндегі ол болса, ала-сүргінге түскен. Ауыз үйден керосин әкелді де, екі бөлмеге оңды-солды шаша бастады. Сосын жұмыс бөлмесіндегі портретті алып, шашылып жатқан кітаптардың ортасына лақтырып жіберді. Қалтасынан темекісін алып тұтатты да, әлі сөніп үлгермеген сіріңкені лақтырып жіберді. Портрет лезде лап ете түсті. Үй іші өртке оранды. Лапылдаған қызыл жалын, үйдің сыртын да орады. Ол оттың ортасында тұра берді. Қыңқ деген дауыс шығармады. Өрт өршеленді. Арандай аузымен бәрін жұта берді. Зұлымдық портреті өртеніп жатты. Ол да жанып кетті. Сыртта бақылап тұрған досы бір орыннан қозғалған жоқ. Бір көзінен жас парласа, бір көзінен қып-қызыл қан ағып тұр. Бірақ өзі білген емес. Ақырын аяңдап, қараңғылыққа сіңіп бара жатты. Маңайдан жиналған жұрт, өртенген үйді сөндіріп әлекке түсті.

Досы сол кеткеннен бұл маңайға ат ізін салмады. Өртенген үйдің орнынан ешкімнің әлі денесі табылмағандығын да естімеді.

Мақсат МӘЛІК

qalamger.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

КРУПНЫЕ ИНВЕСТПРОЕКТЫ В СФЕРЕ АПК

Как сообщила пресс-служба региональной палаты предпринимателей, СПК «Жетісу» как Региональный институт развития, оказывая поддержку и поощряя инициативы бизнеса, организовал и провелпод председательством акима области Амандыка Баталова ряд встреч с крупными иностранными и отечественными инвесторами при участии советника Премьер-Министра РК Гульбану Пазылхаировой.

Так на встрече с американской компанией «VALLEY KUSTO GB BV» обсуждены планы реализации строительства завода полного цикла по производству оборудования для современных систем орошения и управления урожайностью сельскохозяйственных культур. (Мощность предприятия составит 1 тыс. машин «Valley» фронтального и кругового орошения в год. В течение 10 лет для сельхозпроизводителей будут приобретены 4000 механизированных оросительных машин. Стоимость проекта 51млн долларов США, будет создано 150 рабочих мест)

Аким Алматинской области Амандык Баталов отметил:

«Внедрение водосберегающих технологий имеют особую важность для развития сельского хозяйства региона и страны в целом. Применение дождевальных установок позволит снизить водозатраты и повысить урожайность, что в свою очередь найдет отражение в обрабатывающей и других отраслях промышленности.Привлечение инвестиций, открытие новых производств, создание рабочих мест является одним из важнейших поручений Елбасы и Президента Республики Казахстан. Из года в год водные ресурсы уменьшаются, что может привести к экологической катастрофе, поэтому нам нужно такое современное производство с использованием передовых технологий. Со своей сторонымы окажем необходимую поддержку в полном объеме».

На встрече с представителями российской корпорации «ТехноНиколь» был презентован генеральный план двух заводов, 3D визуализация объектов и график реализации проекта. (Два завода по производству теплоизоляционных строительных материалов на территории индустриальной зоны «Кайрат» в Талгарском районе. Планируемый объем инвестиций составит порядка 43 млрд тенге, будут созданы более 200 рабочих мест). Корпорация - ведущий международный производитель надежных и эффективных строительных материалов и систем, которая имеет 57 производственных площадок в 7 странах мира. Запуск проектав регионе позволит обеспечить потребность материалов и снизить импортозависимость в республике.

В целях своевременной реализации проекта аким области дал ряд поручений ответственным государственным органам и закрепил сопровождение проекта по принципу «одного окна» за Региональным институтом развития.

В ходе встречи с ТОО «ZhetysuKoyBaumannGmbH&Co KG» рассмотрены основные этапы запуска проекта и решены ряд технических вопросов. (Проектная мощность 30 тыс. тонн готовой продукции в год. Сумма привлеченных инвестиций 12,3 млрд тенге. Будет создано 450 рабочих мест)

В настоящее время ведутся работы по подведению необходимой инфраструктуры и проектирование завода.

Также состоялась встреча с главой КХ «Дюсенбинов» (проект «Строительство молочно-товарной фермы КРС» в Ескельдинском районе на базе КХ «Дюсенбинов»)и КХ «Нам» (проект строительства холодильного комплекса на 1100 тонн сельхозпродукции в Ескельдинском районе)

Амандык Баталов отметил актуальность проектов для обеспечения продовольственной безопасности и сдерживания цен на социально значимые продовольственные товары и поручил реализовать проекты совместно с СПК «Жетісу»:

«Именно в межсезонье май и июнь месяцы,мы наблюдаем рост цен на картофель, лук, морковь и другие овощи и продукты. Поэтому строительство современного овощехранилища оборудованного холодильными комплексами позволит сохранить собранный урожай и вести интервенцию через социальные магазины и крупные торговые сети, тем самым сдерживая и контролируя цены».

Инвестиционные проекты станут реализациейпоручений Главы государства, поставленных задач Премьер-Министра и принятых национальных проектов.

По итогам встреч акимАлматинской области Амандык Баталов поручил Региональному институту развития«Жетісу» продолжить работы по привлечению и сопровождению инвесторов по принципу "одного окна» и followup. В свою очередь инвесторы поблагодарили главу региона за принимаемые активные меры по поддержке бизнеса и создание благоприятного делового климата.

Ш. ХАМИТОВ.

COVID-19

ПРИМЕНЯТЬ ЭКСПРЕСС-ТЕСТЫ

Главный государственный санитарный врач Алматы ЖандарбекБекшин предложил применять в школах экспресс-тесты на коронавирус, передает корреспондент zakon.kz. Это позволит сэкономить большое количество бюджетных средств, а также снизит нагрузку на медицинский персонал, считает главный санврач Алматы.

Он отметил, что исследования показывают их высокую эффективность по выявлению в организме человека наличия коронавируса.

Мы провели исследование и на живом вирусе, и по мутированным штаммам по диагностике. Мы исследовали все основные экспресс-тесты, которые ввезены и зарегистрированы в Казахстане, и получили хорошие результаты. На сегодня эффективность экспресс-тестов очень высокая, — сказал ЖандарбекБекшин на брифинге в СЦК.

По его словам, в России такие тесты уже начали применять. И к концу следующей недели исследования казахстанских специалистов по экспресс-тестам будут отправлены в Минздрав.

Мы сейчас видим тысячи, а в пределах страны десятки тысяч контактных в школах, где можно применять экспресс-тесты. С помощью них буквально в течение 15−20 минут можно определить — будет учащийся продолжать учебу или отправится на изоляцию, — подчеркнул главный санврач города.

Бекшин добавил, что это позволит сэкономить большое количество бюджетных средств, а также снизит нагрузку на медицинский персонал.

АРМИЯ

ОТСРОЧКУ МОЖНО ПОЛУЧИТЬ ОНЛАЙН

Об этом сообщил начальник департамента 0рганизационно-мобилизационной работы генерального штаба вооруженных сил Казахстана Сакен Жусупов.

«Не выходя из дома, через информационную систему электронного правительства этими услугами можно воспользоваться. На сегодня обратились порядка 11 тысяч человек, около 10 тысяч получили отсрочку, 1,5 тысячи человек вообще освобождены от призыва», — рассказал полковник.

Осенний призыв в Казахстане стартовал 1 сентября, предполагается, что ряды казахстанской армии пополнятся 17 тыс солдатами.

ПОЗНАНИЕ

«3 ДНЯ БЕЗ ВОДЫ – ЧТО БУДЕТ С ЧЕЛОВЕКОМ?»

О том, что без еды можно продержаться довольно длительное время, говорят многие трагичные примеры из мировой истории: заключенные в концлагерях, жители Ленинграда, оказавшиеся в кольце бесчеловечной блокады. А вот без воды прожить можно только короткие несколько суток. Да что там — отсутствие живительной влаги даже в течение трех дней несет в себе страшные последствия для организма. Что будет с человеком, если его лишить воды на три дня? Рассказываем.

Роль воды в жизни человека

Для того, чтобы знать, чего лишается живое существо в условиях отсутствия влаги, логично для начала озвучить, что же она — влага, дает человеку. А чистая вода обеспечивает между тем практически все жизненные процессы. Так, она выступает своеобразным транспортом — доставляет кислород и питательные вещества к клеткам, вымывает токсины. Вода преобразовывает пищу в энергию, работает смазкой для суставов, она регулирует температуру тела, занимается вопросами пищеварения, обеспечивает работу каждого органа, увлажняет кислород, активно участвует в процессе обмена веществ. Словом, чистая вода без преувеличения поддерживает жизнь в организме человека. А теперь представим, что она

перестала поступать в гортань. Это значит, что и все вышеописанные процессы сначала притормаживаются, а после и вовсе останавливаются. Рассмотрим это на примере трех суток.

Эксперимент: без жидкости на 72 часа

Конечно, можно сделать сухую выжимку из фактов, но мы поступим иначе: понаблюдаем за добровольцем, который перестал употреблять воду в течение трех дней. Доброволец — известный блогер, который занимается вопросами выживания. Эксперимент он ставил на себе, а его коллега беспрерывно наблюдал за ним и вел записи. Добавим, что на протяжении всего процесса мужчине разрешалось питаться в обычном режиме. Итак, день первый.

Какого-то дискомфорта Александр (доброволец) не испытывал. Единственно, после ужина стала немного ощущаться жажда. Тест на внимательность прошел на отлично. Это значит, что мыслительные процессы пока не пострадали. Пульс немного увеличился, температура тела оставалась в порядке.

День второй.

Утром Александр пожаловался на то, что стало больно моргать. Глаза слезятся, появилась резь. Вес тела уменьшился на 2 килограмма — с мочой вышла выпитая накануне эксперимента жидкость. Температура тела снизилась до 35, 2 — результат нарушения процесса терморегуляции. Тест на внимательность прошел на 4 с минусом. Ближе к вечеру появилась сухость в ротовой полости, начали трескаться губы — это появились первые признаки обезвоживания. Тело стало болеть, суставы ломить. Мужчина пожаловался на туман в голове и небольшую спутанность сознания. В целом он назвал свое состояние схожим с отсутствием сна в течение трех суток.

День третий.

Утром Александр с трудом встал с кровати. Масса тела снизилась еще на 1,5 килограмма. Мужчина крайне плохо себя чувствовал: он с трудом передвигался по комнате, его постоянно клонило в сон, преследовало сильное ощущение слабости и разбитости. Внешний вид блогера также сильно изменился — под глазами залегли огромные синеватые мешки, лицо стало очень бледным, тело покрыла сетка полопавшихся сосудов. К вечеру третьего дня нехватка воды достигла пика, и когда мужчина нагнулся к рюкзаку, а после распрямился, то в тот же момент он потерял сознание. Эксперимент пришлось в ту же минуту прервать: добровольца в бессознательном состоянии увезли в больницу. Восстановление всех жизненных процессов заняло одиннадцать дней. Проходили они в больнице, под капельницей и под строгим наблюдением врачей.

По результатам этого эксперимента у Александра были выявлены резкое падение энергообмена, ухудшение самочувствия, отсутствие потоотделения, мочи и стула, понижение температуры тела. Словом, наблюдался тотальный сбой в работе всего организма. Опасный эксперимент показал — три дня без воды могут стать критичными. Если же говорить о более долгом сроке, к примеру, о четырех или пяти днях без воды, то становится очевидным — обезвоживание приведет к летальному исходу.

Медицина знает примеры, когда люди в силу каких-то непреодолимых обстоятельств находились без воды тринадцать, двадцать и даже двадцать четыре дня. Всех этих несчастных удалось найти спасателям и ценой неимоверных усилий медиков вернуть к жизни. Каждый из спасенных к тому моменту, когда его обнаружили, находился без сознания, температура тела доходила до 22-24 градусов, общее состояние было близко к анабиозу. Ознакомившись с подобными историями, хочется в очередной раз повторить прописную истину: вода — это жизнь.

Материал из Waterservice.kz/блог

Бейсенбі - Четверг, 28 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 Т/х «Өмірдің өзі новелла..»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Menin Qazaqstanym»
15.50, 23.30 Т/х «Қазақ елі»
17.15 «Qyzyq eken»
20.50 «Тюмень» - «Қайрат»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «PARASAT MAIDANY»
01.30 «Ashyq alan»
02.20 «Теледәрігер»
03.10 «Тәуелсіздік тарландары»

ХАБАР

06.00 «Біреудің есебінен»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем әуен
11.45 Т/х «Бәсеке»
13.00, 22.30 «Пәленшеевтер-4»
14.00, 21.30 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Большая неделя»
16.00, 23.30 «Позывной стая»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
01.30 «Discovery: Как устроена Вселенная»

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 Т/х «Алладин»
07.10 «Ұрланған тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.00, 21.00 Т/с «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Сүлеймен сұлтан»
17.00, 17.30 «Өрмек»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.50 «Astana times»
21.20 «Loto 6/49»
01.20 «Оңай емес»
02.10 «Біреудің есебінен»
03.40 Аналар
04.00 Той жыры
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро, КАЗАХСТАН!»
11.00 Х/ф «Руские горки»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 Главные новости
20.40 Т/с «Реализация-2»
01.15 «Однолюбы»
02.35 «Фурцева. Леганда о Екатерине»
03.40 «112»
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.40 «Журналист»
09.40 НОВОСТИ
10.20 «Было дело»
11.30 «Игра»
13.40 «Испытание-2»
15.50 «Двое против смерти»
17.00 Т/х «Әулеттер тартысы»
18.50 «Следствием установлено»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Испытание-2»
00.00 «Игра»
01.30 «Двое против смерти»
02.20 «Астарлы ақиқат»
03.05 «Mamma mia»
03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Парасат»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Спорт-тайм»
15.30 «Бір бала»
16.30 «Қазақ тілі»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Парасат»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Армансыз күнім болмайды» концерті Шәмшия Ахметова
22.40 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 «Жанкешті ханымдар»
10.00, 10.30 М/ф «Тимон и Пумба»
11.00, 21.00 «Ханшайым»
13.00 «Құзғын»
14.00, 22.40 31 әзіл
14.40 Сериал «Чужой»
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.00 Кино. «Напарник»
20.00 Информбюро
23.30 Кино. «Джунгли»
01.10 Кел, татуласайық
03.10 Алдараспан, шаншар әзілдері
04.00 Т/с «Жазықсыз»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Мезгілсіз сезім»
10.00, 17.40 «А у нас во дворе»
11.15, 19.30 «Балабол-2»
14.00 Т/х «Гудия»
16.00, 02.45 «Q-елі»
16.40 «Тайны Госпожи Кирсановой»
19.00 «Студия 7»
21.40, 03.10 «Ағайындылар»
23.00, 04.20 «Няня-мэн»
00.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.20 «Тайная жизнь моего секретаря»

Жұма - Пятница, 29 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Ауылдастар»
06.25, 13.00, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10 18.00 «Тағдыр жалыны»
12.00 «Өмірдің өзі новелла...»
13.15, 17.15 «Қызық екен...»
14.00, 03.40 «Теледәрігер»
15.00, 03.25 «Заң және біз»
15.50 «Қазақ елі»
21.30 «Ақжауын»
22.30 Т/х «Жат Мекен»
00.25 «Қазақстан дауысы»
02.50 «Ашық алаң»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 Т/х «Біреудің есебінен»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік жылнамасы»
10.45 Әсем әуен
11.45 «Бәсеке»
13.00, 22.30 «Пәленшеевтер-4»
14.00, 21.30 Т/х «Шалқайған шаңырақ»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00сериал«Позывной стая»
18.00 Мегахит
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Үкімет».Премьера!
21.00 Итоги дня
00.15 «Discovery». Как устроена Вселенная.

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Аладдин»
07.00 Т/х «Ұрланған Тағдыр»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.40, 22.00 «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
12.15, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.00«Алдараспан»
15.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
17.00 Т/х «Өрмек»
17.30 Т/х «Үздік әзілдер»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.45 «Астана times»
20.55 Loto 5/36
01.20«Оңай емес»
02.30 «Q» travel
04.00 «Той жыры»
04.30 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Әйел сыры»
07.00 «Қайырлы таң -Қазқстан»
09.00 «Доброе утро-Казахстан»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «Жди меня Казахстан»
13.00 «112». Прямой эфир
13.15 «Пендемізфой».
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.05 сериал «Одессит»
02.45 «112». Криминальные новости
03.05 «Фурцева. Легенда о Екатерине»
04.00 «112»
04.15 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 Әнұран
07.05,19.30,03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х «Ясминнің тағдыры»
08.40 Т/х «Журналист»
09.10 Новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Игра»
13.40 «Испытание-2»
15.50, 01.20«Двое против смерти»
17.00 Т/х «Әлеуеттер тартысы»
18.50 «Следствием установлено»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.15«Дау-дамайсыз»
20.35, 02.50 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40«Укус волчицы»
02.10 «Дау-дамайсыз»
02.35 «КТКweb»
02.55 «MAMMA MIA»
03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Сегодня»
11.00«Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
15.15 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Бүгінгі дін»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.25 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Спасая жизни»
20.15 «Ковид-шолу»/Ковид-обзор
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Агроlife»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Талқы»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00«Жанкешті ханымдар»
10.00, 10.30 «Тимон мен Пумба»
11.00, 21.00 «Ханшайым»
13.00 «Құзғын»
14.00, 22.4031 әзіл
14.50 «Чужой»
17.00 «Экстрасенсы-детективы»
18.10Х/ф «Джунгли»
20.00 Информбюро
23.30 «Первый рыцарь»
02.00 «Кел, татуласайық!»
04.00 «Жазықсыз»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Qazaqstan»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «А унас во дворе»
11.15 «Балабол-2»
14.00 «Гудия»
16.00 Скетчком «Q-eli»
16.10«Семьянин»
19.00Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Шоу «Музыкальная интуиция»
21.40«Ағайындылар»
00.00 Шоу «Маска»

Сенбі - Суббота, 30 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар»
06.30 Aqparat
07.15, 03.20 «Сырлы сахна»
07.35, 02.50 «Күміс көмей»
08.25 «Әйел әлемі»
09.00«Хайди»
10.00, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00Әзіл әлемі
15.30 «Шырайлы»
17.20 «Талпын»
20.00 «Мәселе»
20.40 «Қазақстан дауысы»
22.30 Бокс. Әлем чемпионаты
01.30 «Дон И»

ХАБАР

06.00, 02.00 Әнұран
06.00 «Әзіл кеші»
07.30 «Өзін-өзі тану»
07.15 «Отчаянные»
09.00 «Tangy fresh»
10.00 XXI ғасыр көшбасшысы
11.00 «Астерикс: земля богов»
12.15 «Пәленшеевтер»
14.00 «Брилляниовая рука»
16.00, 23.15 сериал«Позыной стая»
18.00 Мегахит
20.00 «Отыз жылдың ой-толғауы»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Хабарлас»
01.15«Discovery». Как устроена Вселенная.

АСТАНА

06.00, 05.30 «Біздің ауыл»
06.30 «Күлдіреген»
07.00, 05.10 Т/х «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.40, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
11.10, 21.00 Т/х «Қара ниет -2»
12.15, 23.25 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Тәтті ару»
17.00 «СТО»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.10 Үздік әндер
20.55 «Loto 6/49»
01.20 «Оңай емес»
02.30 «Q» travel
04.20 Той жыры
04.50 «KazNet»
05.30 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.00Т/х «Әйел сыры»
06.45, 04.25 «Той заказ»
07.25 «Той базар»
08.45 «Ұлы даланың мұрасы»
09.00 «Любовь и голуби»
10.20 «Фабрика грез»
10.45 «Вау, Казахстан!»
11.20«Алиби»
18.30 «Мама, маған дауыс бер!»
20.00 «Айна»
21.00 «Верная подруга»
23.00 Премьера. Юбелейный концерт Владимира Кузьмина
02.10 «П@утина+»
04.00 «Той заказ»

КТК

07.05 «Құдалар-2»
08.00, 03.30, 04.30«КТК –да Қабатов»
09.20 Новости
10.10, 01.40 «Юмарина»
11.50 «Укус волчицы»
15.30 «Аталар сөзі»
17.00«Мне с вами по пути»
21.00 «Большие новости»
22.10 «Прекрасные создания»
01.50 «Было дело»
02.20 «Аталар сөзі»
03.30, 04.30 «КТК –да Қабатов»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Агроlife»
10.30 «Бүгін»
11.00 «Сыралғы»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Спасая жизни»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Сыралғы»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Өмір әні»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Бір бала»
19.20 «Әсем әуен»
19.30 «Безбен»
20.05 «Сильные духом»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Сделано в Казахстане»
22.50 «Әсем әуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
06.50 «Тамаша live»
07.20 «Информбюро»
08.30 «Села полетела»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Тәтті шоу»
10.30 What`s up?
11.00 «Алладин»
12.00 «Лило и Стич»
12.50 «Первый рыцарь»
15.50 «Бесстрашные»
18.30 «Патриот»
22.00 «Неге?»
23.30«Битва экстрасенсов»
01.50 «Тамаша live»
02.50 Қазақша концерт
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Айна-online»
08.00 «Япырай»
09.00, 15.00Т/х «Мэгелсіз сезім»
10.00 «Жұлдыздың жары»
10.30«Регина + 1»
11.40 Шоу «Орел и Решка»
12.40«Тайны госпожи»
16.00 Т/х «Барлау»
18.00Скатчком «Q-eli»
18.50 «Тек қана қыздар»
20.00 Шоу «Один в один-5»
23.00 «JaidarmanCup»
00.30 Х/ф «Американец»
04.15 «Қуырдақ»

Жексенбі - Воскресенье, 31 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ауылдастар» деректі фильм
06.30 «Толағай»
07.30 «Көңіл толқыны»
08.00 «AQSAYYT»
08.20 Мәселе
09.00 «Хайди»
10.00, 18.00 Т/х «Тағдыр жалыны»
12.00 «Қазақстан дауысы»
14.00 «Моана»
15.30«Ән мен әнші»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00 «АРТА»
20.50 Көңілді тапқырлар алаңы
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.30 «Дон И»
02.40 «АПТА»

ХАБАР

06.00 «Әзіл кеші»
07.00 «Самопознание»
07.15 Сериал «Отчаянные»
10.00 «Пәленшеевтер»
14.00 «Бриллиантовая рука»
16.00 Мехахит
18.00 «Маска»
18.30 «Ән әлемі»
19.30 «Eco maken»
20.30 Мәжіліс.kz
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя».
01.30 «Pro Sport»

АСТАНА

06.00 «Біздің ауыл»
06.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
12.00, 21.00 Т/х «Қара ниет-2»
13.10, 23.30 Т/х «Жауынгер»
14.50 Қайрат Нұртастың инновациялық концерті
17.00 «СТО»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.10 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
01.20 «Оңай емес»
02.30 «Q» travel
03.40 «Жұлдыздардың шеруі»
04.00 «Әзілстан» жасарын камера
04.20 «KazNet»
05.20 «Сырты бүтін»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Әйел сыры»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Воскресные беседы»
07.30 «Мама, маған дауыс бер»
09.00 «Потомки великой степи»
09.20 «Тайны вокруг нас»
10.00 «Ирония судьбы или с легким паром»
14.35 «Перцы»
17.00 «Лучше всех»
18.50 «Добрый вечер Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.30 «Верная подруга»
23.40 «Что? Где? Когда?»
01.15 «Вызов. Первые в космосе»
02.15«П@ytina+»

КТК

07.05 «Әйел қырық шаңырақ»
07.50 «Еркепін мен»
09.00, 23.50 «Юморина»
11.20 «Прекрасные создания»
15.00 «Аталар сөзі»
18.40 «Табиғатым махаббатым»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Жизнь взаймы»
01.30 «Аталар сөзі»
03.20-04.20 «Әйел қырық шаңырақ»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Безбен»
11.05 «Бір бала»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Әсем әуен»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Сильные духом»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Единый народ»
14.30 «Сделано в Казахстане»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 «Жетісу жұмбақтары»
16.15 «Қазақ тілі»
16.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
17.00 «Қазақ үні»
17.35 «Полицейская служба»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Сағындырған әндер-ай» 2013 SD концерті
00.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Әзілдер күнделігі
08.00 «Тамаша live»
08.30 «Тәтті шоу»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00What`s up?
11.00 «Села полетела»
12.00 31 әзіл
12.30 «Алладин»
12.50 «Лило и стич»
13.30 «Бесстрашные »
16.10 Х/ф «Патриот»
19.50 Х/ф «Хантер киллер»
22.20 Х/ф «Сделка с дьяволом»
01.30 «Тамаша live»
02.00 Қазақша концерт
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
07.00 «Япырай»
07.15«Jaidarman Cup»
09.00, 15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 «Келесі кім?»
10.30 Х/ф «Регина+1»
11.30 «Орел и решка»
12.40 «Тайны госпожи Кирсановой»
16.00, 03.00 К/ф «Желаяк рюзгар»
18.20 Х/ф «Семьянин»
21.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
23.00 Х/ф «Разведка»
01.00 «HALO-4: идущий к рассвету»
04.40 «Қуырдақ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

Қазақ жұрты ерте заманда қашанда тауып айтқан, сөзге тоқтап, үлкеннің айтқан бітімгершілік сөзіне құлақ асып, жер дауы, жетім дауы, жесір дауы сияқты күрделі дауларды халықтың беделіне ие болған билерге жүгіну арқылы екі тарапты да қанағаттандыратын бітімгершілікпен шешіп отырған.

МЕДИАЦИЯ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазіргі кезде кеңінен насихатталып жатқан медиацияны қолдану арқылы дауласушы қос тараптың бітімгершілікке келуі де жоғарыда аталған ежелгі тәсілге ұқсас болып табылады. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Сондықтан да тұрғындарда қандай да бір азаматтық келіспеушіліктер туындай қалған жағдайда кәсіби медиаторлардың қызметіне жүгінгені абзал. Заңдық аныктамаға жүгінсек, медиация кезінде үшінші, бейтарап жақ, яғни медиатор дауласушы тараптар арасында ерікті келісімнің түзелуіне түрткі бола отырып, дау-жанжалды шешуге жәрдемдеседі. Демек, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді әрі қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Бұған барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесі айғақ. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі.

Бүгінгі таңда азаматтардың бір бірімен соттасуы көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі талассыз. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы – дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру. Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар ат салысуы тиісті. Қысқасы медиация қоғам қажеттілігі екенін естен шығармай, оның қолдану аясын кеңейте түскен абзал.

Самал ҚАЛИМОЛДИНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

АЖЫРАСУ – БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА АУЫР СОҚҚЫ

Елімізде ерлі-зайыптылардың ажырасуы азаймай отыр. Статистикалық деректер көрсеткіштердің жылдан-жылға артып бара жатқанын алға тартады.

Биылғы жылда да ажырасушылар саны азаймай отыр. Әлем бойынша Қазақстан ажырасудан алғашқы ондықта тұр. Ажырасудың көптігіне түрлі жағдай себеп болуда. Соның ішінде, отбасындағы тәрбие, жастардың шаңырақ құру мәселесіне тым жеңіл қарауымен қатар, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, жұмыссыздық, табыстың аздығы сынды факторлардың бұл үрдіске ықпал етіп отырғаны анық. Өкініштісі, осы келеңсіздіктен балалар жапа шегуде.

Балалардың бір тобы әке мейірімін сезінбесе, енді бірі ана жылуына зәру күй кешуде. Бұл жағдайдың қай-қайысысы да баланың психологиясына, дамуына кері әсер ететіні анық. Толық емес отбасында өскен, үнемі екі жақты болып жүрген баланың әр кезде жаны жаралы, ойында да, сезімінде де тұрақ жоқ. Балалардың әкенің айбатын, ананың шуағын тең алмауын ойлап жатқан ата-ана жоқ. Өз қарым-қатынастарын реттеп, отбасыларында түсіністік, жылулық орнатуға тырысудың орнына бірден екіге айырылуға құштар. Жәй ғана ұмытылып қоймай, өздерінің осы шешімдерін жүзеге асыруда психикасы әлсіз, бейкүнә балаларды құрал етеді. Әсіресе, мұндағы әйелдер айрықша белсенділік танытуда. Оған өз кезегінде біздің заңнамалар да себеп болып отырғандай. Әйелдер барлық мүмкіндікті пайдаланып, балаларды өзімен бірге алып кетеді. Баласы десе жүрегін жұлып беруге әзір болса да әкенің еркі ескерілмей қала береді. Ұрпағын өзімен қалдыру былай тұрсын, көбі ажырасқаннан кейін баласын бір көруге зар болып қалады екен. Ал шын мәнінде балалардың арасында әкесімен бірге тұруды қалайтындар қатары жыл сайын артып келеді. Тәжірибе әйелінен ажырасқанда ерлердің балаларына дұрыс тәрбие беріп, талапқа сай бағып-қаға алатынын көрсетіп отыр. Бірақ, солай бола тұра бізде бұл мәселеде әйелдердің дегені болып тұр.

Осы олқылықты жоюда бізге ерлі-зайыптылар ажырасуына қатысты сот амалдарын реттейтін нормативті құжат қажет. Онда ата-анасы ажырасқан жағдайда балалар кіммен қалуы, отбасы мүшелердің қарым-қатынасы қалай болуы керектігі толық көрініс табуы тиіс. Балалармен кеңеске арнайы оқытудан өткен білікті мамандар тартылуы керек. Бұл жұмыста балаға әкенің де, шешенінде құқығы тең болып, барлық шара баланың мүддесіне сай жүзеге асырылуы тиіс. Бәлкім сонда ажырасулар саны азайып, балалардың тірі жетімге айналып, сергелдеңге түсуі кемитін шығар. Әрине, мұнымен қалыптасып отырған проблеманы толық шеше алмаймыз. Бұл үшін ең алдымен отбасындағы тәрбиенің мазмұнын дұрыстау керектігі айдан анық.

Мөлдір ДӘУРЕМБАЕВ,
Көксу аудандық сотының жетекші маманы.

КОНФЕРЕЦИЯ АЯСЫНДА

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ШАРПЫҒАН КӨТЕРІЛІС

ЕЛ ТАРИХЫНДА ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙТЫН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ – ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ТАРИХЫ. КӨТЕРІЛІС – БҮКІЛ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ШАРПЫҒАНЫМЕН, ОЛ ТОЛЫҚТАЙ ЗЕРТТЕЛДІ ДЕП АЙТУ ҚИЫН. БҰЛ ОҚИҒАНЫ БЕЛГІЛІ БІР ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕ ҚАЙТАЛАНЫП ОТЫРАТЫН САБАҚТАСТЫҚ РЕТІНДЕ ДЕ ҚАРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ.

Қазіргі таңда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қалам тартқан ғалымдардың көптеген зерттеулері мен мақалалары баспасөз бетінде жарық көруде. Оны алғаш болып зерттегендер белгілі қоғам қайраткерлері С.Асфендияров, А.Байтұрсынов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, Б.Қаратаев болды. Өкініштісі, жалған жаламен «халық жаулары» ретінде айыпталғаннан кейін еңбектері ғылыми айналымнан алынып тасталынған болатын. Солардың қатарында осы оқиғаларды өз көзімен көрген саяси қайраткер, тарихшы, ғалым Мұхаметжан Тынышпаев та болды. Қазақ халқының 20-30 жылдардағы тарих ғылымында Мұхаметжан Тынышпаевтың еңбегі ерен. Өйткені, өзінің зерттеушілік қызметінің бағыттарының бірі ретінде халқымыздың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуге арнады. Оның пайымдауынша, қырғыз-қазақ халықтары осы өлкеге қоныс аударушыларға аса қарсылық көрсетпей, оларға басында түсіністікпен қарады. «Тіпті, елдің ақсүйек ру басылары орыс отрядтарын елге өздері бастап келіп, қоян қолтық араласты. Алайда олардың келуінің немен аяқталатыны белгісіз болды...» – дей келіп, М. Тынышпаев қандай заңсыздықтардың орын алғандығын көрсетеді. Сонымен бірге 1916 жылғы патшаның маусымдағы жарлығы көтерілістің басталуына түрткі ғана болып, негізгі даудың басы жер мәселесіне қатысты жүргізген отарлық саясаты деген қорытынды жасайды. 1916 жылғы қиын кезеңде М. Тынышпаевпен қоса барша зиялылар «Қазақ» газеті арқылы үндеу жасап, елді сабырлыққа шақырады. Яғни, оларға майданға алынған қара жұмысшылардың қатарына қосылып, майдан шебіне баруға келісулерін сұрайды. Себебі олар қарусыз халықтың қырылатындығын түсініп, халықты сақтап қалу керек деген ұстанымда болды. Алайда, көтеріліс аяусыз жаншылып, ел қырғынға ұшыраған болатын. Осыдан кейін М. Тынышпаев көтерілісті басу барысында шет елдерге босып кеткен қандастарымызды Отанға қайтару ісімен айналысып, Құлжаға аттанды. Сапар барысында жалпы 164 мың адамның ішінен 69 мыңы елге оралғандығы жайлы «Қазақ» газетіне мәлімет береді.

Биыл бұл көтеріліске 105 жыл толып отыр. Осы орайда облыс бойынша бірқатар шара ұйымдастырылды. Соның бірі ретінде, Тіл сарайында Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліске 105 жыл толуына және Жетісу облысындағы ауыр қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайда жергілікті халықтың мүддесі үшін аянбай қызмет еткен Алаш қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың туғанына 135 жыл толуына орай «XIX ғ. аяғы-XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Жетісу тарихы: тұлғалар мен өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің «Арабаевтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жұмағұл Байдилдеев «И.Арабаев және Ы.Жайнақовтың Қытайдан қайтқан қырғыздарға көмегі», ал, тарих ғылымдарының кандидаты, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Б.Жамгерчинов атындағы тарих, археология және этнология институтының бөлім басшысы Аида Кубатова «XX ғ. басында Жетісу аймағында ел бірлігінің күш алуы, прогреске ұмтылуы: Ишеналы Арабаев, Ыбырайым Жайнақов, Мағжан Жұмабаев және Қасым Тыныстанов мысалында» атты тақырыптарда ZOOM платформасы арқылы тікелей байланысқа шығып, баяндама жасады.

Алматы қаласынан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Академиялық жазба» үйлестіру орталығының директоры Әуезхан Шашаев «Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бақылауға алынуы» тақырыпта, тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, XX ғасырдағы Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі Шамек Тілеубаев «Алаш қозғалысының қайраткері Ыбырайым Жайнақов және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» бойынша Ы. Жайнақовтың өмірі мен атқарған қызметі жайлы тың деректермен бөлісті және Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері Рашид Оразов «1916 жылғы көтеріліс және Ыбырайым Жайнақов» тақырыбында жазықсыз жапа шеккен дарынды тұлға мен көтеріліс зардаптары жайында өскелең ұрпаққа мол мәлімет берді.

Конференцияда ғалымдар Талдықорған қаласынан Ыбырайым Жайнақовтың құрметіне көше атауын беру жайлы ұсыныс тастады. Сонымен қатар, конференцияға қатысқан «Жетісу» телеарнасының директоры Серік Әбікенұлы Жетісу жеріндегі қаралы тарихи орындардың барлығына ескерткіш орнатып, сол жерлерге жастарды апарып, таныстыратын арнайы экскурсиялар ұйымдастырылуы керек екендігін, мектептерде «Жетісу тарихы» сабақтарын ашу туралы ұсыныс білдірсе, Талдықорған қаласы бойынша №15 орта мектебі ұстаздарының атынан атаулы конференцияға шақырылғандары үшін алғыс білдіріп, келешекте де ұлт тарихына қатысты іс-шараларға қатысып отыруға ниет білдірді.

Конференция барысында Алматы облыстық С.Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханасы «Алаш арыстарының асыл мұралары» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, келген қонақтарға экскурсия жүргізілді. Конференцияға арнайы дайындалған тарихшы баяндамашылардың ғылыми мақалалары негізінде арнайы жинақ басылып дайындалып, қатысушыларға табысталды.

А. СЕРІКОВА,
Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАҒА – 95 ЖЫЛ

КІТАПХАНА - білімнің күншуағы

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ҚАРСАҢЫНДА ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР РУХАНИ ОРДАМЫЗ ПАНФИЛОВ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАСЫНА 95 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Мерейтой – өткенге көз жүгіртіп, қорытынды шығарып, өз тарихыңды еске түсіретін уақыт. Әр кітапхананың өз тарихы жеке өмірбаяны, мақсаты бар және әр кезеңде кітапханашылар оның шежіресіне жаңа беттер қосуда. Мұрағат құжаттарына сүйенсек аудандық кітапхананың құрылу тарихы тым тереңде жатыр, 1926 жылы мамырда Жаркент уезіндегі ауыл шаруашылығы бөлімінде кітап оқырмандарының оқу үйі ашылады, кейіннен оның кітаптары Жаркент қаласындағы кітапханаға өткізіліп 1930 жылы оған аудандық кітапхана атауы берілді. 95 жылда тарихтың айтулы оқиғаларын бастан кешірді: мемлекет өзгерді, дәуір өзгерді, оқырмандар мен кітапханашылар легі өзгерді, кітаптар мазмұны бірнеше рет өзгерді - ал орталық аудандық кітапхана осы жылдар бойы кітапты жақсы көретін, қарымқатынастарды бағалайтын, шығармашыл адамдарды өзіне тартты және әлі де тартуын жалғастыруда.

1975 жылы Жаркент кітапханасы аудандық мәдениет үйінің ғимаратына көшірілді. Келіп жатқан жаңа кітаптармен толыға отырып, 1978 жылы 26000 дана томды қамтып, оқырмандары 736 адамды құрады. 1979 жыл аудандық кітапхана бір орталыққа бағындырылған оқырманға қызмет көрсету бөлімінің қайта құрылуына байланысты әдістемелік орталыққа айналды, ауылдағы кітапханаларының бөлімшелері саны 50-ге жетті.

90 жылдар кітапхана қызметкерлерінің есінде ауыр жылдар ретінде қалды. Еліміз егемендік алып, нарықтың экономиканың қыспағына түскен жылдары мәдени ошақтардың қысқартылуына кейбір ауылдық кітапханалар жабылып, аудандық және балалар кітапханасы ғана қалды. Кеңес үкіметінің құлауы саяси және экономикалық дамуды түбегейлі өзгертті. Бұл кітапхана қызметінің дамуына әсер етті. Қаржыландырудың жетіспеушілігінен әдебиет пен мерзімді басылымдар құнының үнемі көтеріліп отыруына байланысты кітапхана қорын толықтыру қызметі қиыншылыққа ұшырады. Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі таратылып, штат бірліктерін қысқарту басталды, небәрі 5 адам қызмет етті. Рухани орталықты дамытуға қаржы бөлінбеді, саны 4 есеге азайды. Еліміздегі кітапханалар санының азаюы кітапхана мамандары санының азаюына, жаппай жұмыссыздыққа ұшырағандар санының көбеюіне ықпал етті. Кітапхана мамандарының 100 пайызы әйел, аналар болғандықтан отбасына да әсерін тигізбей қоймады. Қиындыққа қарамастан біздің қызметкерлер кітап қорын сақтап қалу үшін суық ғимараттарда жұмыстарын жалақысыз жалғастырып отырды. Ұлттың кемелденуі үшін еңбек етіп, небір өнегелі, тағылымды іс-шараларды ұйымдастырып, адамзат тәрбиесіне үлес қосып жүрген кітапханашылар қызметі шын мәнінде зор құрметке лайық. Кітапхана тек кітап оқитын, білім іздейтін орын ғана емес, бұл – түрлі тағылымды кездесулер, кітап таныстырылымы, тұсаукесерлер өтетін, тарихтың көне көмбелерімен, жарқын болашақтың өрісімен қауыштыратын рухани орда, құтты мекен. Әлемнің дамыған озық мемлекеттерінің ешбірінде кітапханалар дамып, көркеймесе, көбеймесе, жабылып жатқаны жоқ. Өйткені кітапхана сирек қолжазбаларды, тарихтың тағылымды, маңызды, тіпті елеусіз сәттерінің барлығын тасқа жазып, тарих қойнауына тапсырып, келешек ұрпаққа табыстап отыратын бірден-бір рухани орда. Мұнда ғаламтордан таба алмайтын, авторлық құқығы қорғалған сирек кездесетін кітаптардың өзі ғасырдың ғасырға жалғап сақталып тұрады. Аудандық кітапхананың алтын қорында сонау 1809 жылы С-Петербург қаласында жарық көрген авторы Ф.Брокгаузердің энциклопедиялық сөздіктері, 1884 жылы Макаров баспасынан жарық көрген француз-орыс сөздіктері, 1935 жылы Академия баспасынан жарық көрген М.Лермонтовтың шығармалар жинағы, 1936 жылы СОЦЭКГИЗ баспасынан шыққан Аристотель, 1945 жылы «Печатный Двор» баспасынан шыққан История дипломатии, 1956 жылы издательство академии наук КазССР баспасынан шыққан Абылхан Кастеев кітаптары біздің сирек қорымызда сақталған. Ал осының барлығын сіз интернеттен таба алар ма едіңіз? Жоқ! Өйткені электронды жүйе суға түскен із сияқты. Бүгін бар дүниенің бірнеше ғасырдан кейінгі ұрпаққа сол қалпында жететіндігіне ешкім кепілдік бермейді.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы үшін, өркениетке жетелейтін жалғыз жол – кітап пен кітапхана. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани орда – кітапханалар қайта жұмыс істей бастады. Мәдениет саласына мемлекет тарапынан көңіл бөліне бастағандықтан 2007-2008 жылдары штаттық бірліктер беріліп, оған арнайы кітапханашы мамандығы бар қызметкерлер алынып 1 аудандық, 1 балалар, 1 қалалық, 23 ауылдық кітапхана халыққа лайықты қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда ауданда мемлекеттік жүйеде жұмыс істейтін 26 кітапхана 129 974 тұрғынға қызмет көрсетіп отыр. Жыл сайын молая түскен аудандық кітапхананың кітап қоры 325 952 данаға жуықтады. Бүгінгі күнде аудан бойынша 36 компьютер, 6 интернет, 8 кітапхана КАБИС, аудандық кітапхана Веб РАБИС бағдарламасымен оқырманға қызмет көрсетуде. Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында кітап қоры ай сайын Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы, Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген құнды кітаптармен толығуда. Сондай-ақ, оқырмандардың ақпараттық сұранысын толық қанағаттандыру үшін мерзімді басылымдар қоры да жинақталған.

Панфилов аудандық кітапханасы Алматы облысы кітапханаларының жұмыс қорытындысы бойынша 19 аудан арасында 2004-2005 жылдары ІІ-ші, ІІІ-ші орындарға ие болды. Ал, 2008 жылы Головацкий үлгілі ауылдық кітапханасы ауылдық кітапханалардың жұмысының қорытындысының нәтижесі бойынша С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының ІІІ дәрежелі дипломымен марапатталды. Ал аудандық кітапхана 2015 жылы «Өлкенің танымал тұлғалары» атты облыстық үздік библиографиялық көрсеткіш құрастырып, шығарғаны үшін ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Астананың 20 жылдығына арналған «Үздік кітап көрме-инсталляциясы» облыстық байқауда Панфилов аудандық кітапханасы бас жүлдені иеленді. «Рухани қазына – 2019» республикалық байқауға Көктал ауылдық кітапханасы қатысып, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрі А.Мұхамадиұлының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Кітапхананың 95 жылдық тарихының қалыптасуына асыл мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, халыққа қызмет еткен, білімділік көрсеткен қызметкерлердің еңбектері еленіп 2015 жылы Көктал ауылдық кітапханасының кітапханашысы А.Есебаева «Мәдениет саласының үздігі», ал балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимова «Кітапхана ісінің үздігі», 2018 жылы кітапхана директоры Д.Султанбекова «Кітапхана ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталды. 2018 жылы Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткізілген салтанатты жиында облыс әкімі А.Баталовтың қолынан «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясын кітап қорын сақтау бөлімінің меңгерушісі Н.Антипова алды, 2019 жылы мұндай «Үздік мәдениет қызметкері» сертификатын балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимова иеленді. 2019 жылы аудандық кітапхананың әдіскері болып 30 жылдай қызмет істеген М.Насырбекова «Кітапхана ісінің ардагері» және Үшарал ауылдық кітапханасының кітапханашысы К.Сайдахметова «Кітапхана ісінің шебері», балалар кітапханасының кітапханашысы Ш. Құдайқұлова «Еңбек даңқы» төс белгілерімен марапатталды.

2020 жылы ұзақ жыл аудандық кітапханада оқырманға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған Х.Иминова «Еңбек даңқы», аудандық кітапхананың әдіскері Б.Нурумова «Халық құрметі» және Сарытөбе ауылдық кітапханасының кітапханашысы Н.Есқожаева «Кітапхана ісінің ардагері», кітапхана директоры Д.Султанбекова «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төс белгілерімен марапатталса, «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясын балалар кітапханасының кітапханашысы Ш.Құдайқұлова иеленді.

Бүгінде 95 жылдан астам тарихы бар аудандық кітапхана осындай жетістіктерімен оқырмандарына қызмет етуде. Мәдениетіміздің мұрасы кітаптарды келешек ұрпақтарға мәдени – тарихи мұра ретінде насихаттайтын тың ақпаратпен қамтамасыз ететін орталық боларына сенімдімін.

Кітапхананың тіршілігіне жан беретін кітапханашылар. Кітапхана – тасқа басылған тарихымыз, қатталған қазынамыз, терең тарихымызды, тамырымызды танып білер рухани ошағымыз. Адамзат том-том кітапты тауыспаса да, білім атты бұлақтың бір тамшысын таңдайына татырса да жанына демеу, ойына сүйек. Руханияттың дамуына жас жалын білек сыбана кірісе, рухы мықты халық болып, келешегіміз одан әрі кемелденері сөзсіз. Осы рухани ошағымызда қызмет етіп отырған барша әріптестерімді кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын. Кітап сүйер оқырмандарымыз көп болсын.

Д. СҰЛТАНБЕКОВА,
«Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» ММ-нің директоры.

БАЛА ТӘРБИЕСІ

АТА-АНАНЫҢ басты борышы

ОТБАСЫ – АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНЫҢ ЕҢ ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТІ. ҚОҒАМДА ОТБАСЫ ЕКІ ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ. ОНЫҢ БІРІ ДҮНИЕГЕ ҰРПАҚ ӘКЕЛУ БОЛСА, ЕКІНШІСІ СОЛ СӘБИДІ ТӘНДІК ЖАҒЫНАН ДАМЫТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРГЕ ҰРЫНДЫРМАЙ, ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. БАЛА ОТБАСЫНАН ЖАҚСЫ ДА ЖАМАН ДА ҚЫЛЫҚТЫ БОЙЫНА СІҢІРЕДІ. ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ «БАЛА ҰЯДА НЕ КӨРСЕ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕДІ» ДЕП ТЕККЕ АЙТПАСА КЕРЕК. БАЛАНЫ ЖАҚСЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДЕН АУЛАҚ ҰСТАУ АТА-АНА ПАРЫЗЫ.

Тату-тәтті өмір сүріп отырған жанұя әрдайым балалардың тәрбиесіне зер салады, олардың күнделікті өмірі мен іс-әрекеттеріне басшылық жасайды. Балаларын өздерінің қуаныш, қайғыларын, яғни, ойларын, уайымдарын бөлісуге үйретеді, саяси мәселелерді, жаңа фильмдер мен кітаптарды бірлесе отырып талдайды, өздерінің сүйікті әндерін орындайды. Мұндай жанұя тар шеңбер аумағында қалып қоймай, балаларын халқының тамаша рухани және еңбек өмірімен таныстырып тәрбиелейді.

Өкінішке орай, ата-аналардың кейбіреулері бала тәрбиесіне мән бермей, бетімен жіберіп, олардың немен айналысып жүргенін де қадағаламайды. Отбасындағы бала тәрбиесі тұрғысында ересектердің жол беретін тағы бір қателіктері – бұл кейбір ата-аналар балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударады, жылы жүзбен қарап қамқорлық жасап, көңілін ауламайды. Міне, осындай орын алатын олқылықтар отбасындағы бірқалыпты өмірдің бұзылуына себепші болады. Жанұяны біріктіру және ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері жөнінде ата-аналардың өз міндеттерін дұрыс орындамауының нәтижесінде қиыншылықтар туады. Ал бұл жағдай балалардың келешегі үшін қатерлі зардапқа айналуы мүмкін. Осындай отбасында тәрбие алып өскен балалар теріс қылықтар жасауға, құқық бұзушылыққа дейін баруға бейім болады. Егер бала зиянды әдеттерге құштар болатын болса, оның тәрбиесінде кемшіліктер болғаны. Осындай дұрыс тәрбиеленбеу, еліктеу нәтижесінде көптеген жас балалар зиянды әдеттерге мойынсұнып, бүкіл өмірін құртады.

Сондықтан жұмыс басты болып, уақытты тапшылығын алға тартпай бала тәрбиесіне де жете мән беріп, ұрпағының еліміздің лайықты азаматы болып ержетуіне жағдай жасау әрбір ата-ананың асыл парызы болып табылады.

Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,
Алматы облысының № 1 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГЕНДЕР

ОСНОВА ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА

Гендерная политика – это государственная и общественная служба, направленная к достижениям равенств мужчин и женщин. Во всех сферах общественной жизни.

Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны. За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Прежде всего это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Наша республика присоединилась и ратифицировала ряд основополагающих международных договоров, касающихся положения и прав женщин.Цели и задачи, изложенные в программном документе "Стратегия гендерного равенства в РК на 2006–2016 годы", позволили добиться определенных промежуточных результатов. Огромная роль в этом принадлежит Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК.

В Казахстане выполнены рекомендации Комитета ООН по ликвидации дискриминации в отношении женщин по принятию гендерных законов "О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин" и "О профилактике бытового насилия". Введен институт общественного мониторинга нормативных правовых актов. Растет и число неправительственных организаций, таких как Ассоциация деловых женщин Казахстана, Союз женщин-предпринимателей Казахстана, Республиканский совет женщин, Женская ассоциация развития и адаптации и другие, оказывающих помощь женщинам, стремящимся создать собственные предприятия. Они проводят консультации, обучение, помогают в вопросах кредитования. Таким образом, масштабно ведется работа по поднятию общего уровня бизнес-культуры и стимулированию предпринимательской инициативы.

Даурен ЖАНАЙБЕКОВ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВОСУДИЕ

ПЛЮСЫ НАИБОЛЕЕ ОЧЕВИДНЫ

Несмотря на то, что электронное правосудие в Республики Казахстан находится на стадии развития, существует большое количество сервисов, позволяющих облегчить и упростить процесс судопроизводства. Например, сервис «Судебный кабинет», и форум «Талдау», который формируется на основе Единого классификатора категорий дел и материалов, это и новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», единая система судов Республики Казахстан, это и система видеоконференцсвязи между судами республики.

В нашем государстве проблема разработки концепции электронного судопроизводства приобрела особую актуальность в связи с реализацией Стратегии-2050, направленной на дальнейшее продвижение судебной реформы в Республике Казахстан, предусматривающей формирование самостоятельной и независимой судебной власти как одной из ветвей государственной власти в Республике Казахстан.

Сейчас в нашей республике суды вооружились новейшими технологиями. Благодаря этому иски можно подавать не на бумаге, а в электронной форме. Сегодня в Казахстане более половины гражданских исков подается электронным способом - через Интернет. Это снижает нагрузку на судейский аппарат и повышает прозрачность работы судов. Через веб-сайт Верховного суда доступны сведения не только о ходе рассмотрения дел - граждане могут получить электронные копии судебных актов, подавать иски, жалобы и другие обращения. Это повышает доверие общественности к нашей работе.

Также отправляются через сайт электронного правительства и виртуальные заявления. Истцы регистрируются в системе, создают личный кабинет на сайте e-gov.kz. Затем пользователь вводит необходимую информацию о себе, выбирает необходимый ему раздел, загружает файлы и отправляет их в суд.Немаловажным является наличие в сервисе виртуальных услуг - sms-оповещение участников процессов, видео-конференц-связь, а также аудиопротоколирование хода судебного заседания и электронное архивирование документов.На сегодняшний день плюсы электронного правосудия для всех наиболее очевидны.

Маржан САДУАКАСОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

НОВЕЛЛЫ ГПК

МЕРЫ ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРИНУЖДЕНИЯ

К мерам процессуального принуждения в соответствии со статьей 123 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК), относятся: 1) замечание; 2) удаление из зала судебного заседания; 3) денежное взыскание.

Меры процессуального принуждения, в виде замечания и удаления из зала судебного заседания, заносятся в протокол судебного заседания.

Данные меры также были предусмотрены нормами Гражданского процессуального законодательства и регламентировались статьей 188 ГПК.

Новшеством является мера процессуального принуждения в виде денежного взыскания.

Статьей 127 АППК, предусмотрены основания для применения указанной меры, а именно:

- суд вправе наложить денежное взыскание на лицо, злоупотребляющее процессуальными правами или не выполняющее процессуальных обязанностей, в том числе в случаях представления доказательств, исполнения поручений с нарушением установленного судом срока без уважительных причин, если это привело к затягиванию рассмотрения административного дела, за каждое действие (бездействие) в размере десяти месячных расчетных показателей.

- за невыполнение требования, запроса суда, неявку в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременное извещение суда, несвоевременное представление отзыва, неподчинение распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушение установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, суд вправе наложить денежное взыскание в размере до двадцати месячных расчетных показателей.

- за неисполнение решения суда, определения суда об утверждении соглашения сторон о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры суд налагает денежное взыскание на ответчика в размере пятидесяти месячных расчетных показателей с указанием в этом же судебном акте срока, не превышающего одного месяца, в течение которого оно подлежит исполнению.

Примером может послужить следующий кейс.

Гражданин Д. обратился в суд к административному органу с иском об оспаривании. Определением суда в целях подготовки административного дела к предварительному слушанию в соответствии частью 2 статьи 29 АППК суд обязал ответчика предоставить в суд материалы (прошитое и пронумерованное административное дело), связанные с предъявленным иском в отношении истца, а также предоставить в суд письменный отзыв на иск, подготовленный и оформленный в соответствии со статьей 166 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан.

Указанным определением суд разъяснил ответчику правовые последствия, что в случае не предоставления либо несвоевременного предоставления в установленный срок материалов, и письменного отзыва на иск, является основанием для применения денежного взыскания.

Определение доставлено ответчику посредством электронного сервиса «Судебный кабинет».

В ходе устных опросов, суд неоднократно предупреждал о последствиях представителя ответчика и предоставил срок для отправки материалов и отзыва на иск.

Несмотря на предоставление, судом дополнительного времени, ответчиком не предоставлены в суд материалы и отзыв на иск.

Так, к одной из мер процессуального принуждения, предусмотренного АППК, относится денежное взыскание, которое согласно части 2 статьи 127 АППК налагается на физическое, должностное лицо, юридическое лицо либо его представителя в размере от десяти до ста месячных расчетных показателей (далее – МРП).

Частью 4 статьи 127 АППК предусмотрено о праве суда наложить денежное взыскание в размере до двадцати месячных расчетных показателей за невыполнение требования суда, несвоевременное представление отзыва.

Доводы представителя ответчика о загруженности дел, нехватке сотрудников и времени судом не приняты во внимание, данная причина не может быть отнесена к числу уважительной.

Согласно указанной норме АППК, специализированный административный суд Алматинской области наложил на представителя ответчика денежное взыскание в размере 10 МРП.

Кроме того, судом разъяснено о необходимости уплаты денежного взыскания в течение пяти рабочих дней и, что при неисполнении данного определения суда суд вправе наложить повторное денежное взыскание в размере, увеличенном на 10 МРП.

Диляра ИЗБАИРОВА,
судья специализированного межрайонного административного суда Алматинской области.

ВЫМОГАТЕЛЬСТВО

НАСИЛЬСТВЕННАЯ ФОРМА ХИЩЕНИЯ

Вымогательство во всех его видах представляет собой насильственную форму хищения. Объектом данного преступления (так же, как и разбоя, и насильственного грабежа) является не только собственность, но и личность потерпевшего. Оно считается оконченным преступлением с момента предъявления требования, подкрепленного угрозой. Предметом вымогательства может быть не только имущество, но и право на имущество.

При квалификации действий виновного лица как вымогательство следует устанавливать конкретный вид угрозы, предусмотренный в диспозиции закона, имея в виду, что потерпевшим от угрозы вымогателя может быть как собственник или лицо, в введении или под охраной которого находится имущество, так и их близкие. Форма выражения угрозы для квалификации вымогательства значения не имеет (устная или письменная, высказанная лично или через посредника, сформулированная откровенно или в завуалированной форме), однако, ее содержание должно быть воспринято потерпевшим однозначно в соответствии с ее фактическим смыслом.

Вымогательство относится к числу корыстных преступлений против собственности.Предметом вымогательства являются: чужое имущество (вещи, деньги, в том числе, иностранная валюта, ценные бумаги, объективированные результаты творческой интеллектуальной деятельности, фирменные наименования, товарные знаки и иные средства индивидуализации изделий); право на имущество (завещание, страховой полис, расписка, договор, доверенность на получение тех или иных ценностей, различных видах ценных бумаг и иного документа, дающего ему право на получение имущества) или совершение других действий имущественного характера (услуги неэквивалентного содержания, например, якобы за "охрану помещения", за "содействие" в реализации продукции, уничтожение долговой расписки, отказ от долга в общем имуществе, снижение процентных ставок, производство каких-либо работ и т.п.).

Для квалификации действий вымогателя несущественно, кем может быть реализована эта угроза: им самим или его соучастниками.

Как вымогательство под угрозой применения насилия следует понимать действия, выражающие намерение оказать принудительное психологическое воздействие (угроза лишить жизни, причинить тяжкий, средний или легкий вред здоровью, совершить изнасилование или иные насильственные действия).

Айгуль КАСЕНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

Полосу подготовил Шора ХАМИТОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШАРА

ТАЛДЫҚОРҒАНДА МУАЙТАЙДАН ҚР ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

ТАЛДЫҚАЛАДА ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА МУАЙТАЙДАН ҚР ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ҚР МУАЙТАЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ФАРХАТ АМАНҚҰЛОВ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ, ҚР ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ БАЙКЕНЖЕ БЕЛБАЕВ, ҚРҮҚК АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСТЫҒЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ РУСТАМ ИБРАЕВ, ОБЛЫСТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ НҰРБАҚЫТ ТЕҢІЗБАЕВ ҚАТЫСТЫ.

Жарыста еліміздің 11 өңірінен 200-ден астам спортшы бақ сынады.

Ақтық жекпе-жек шоу-бағдарлама элементтерімен және жарық-дыбыс жабдықтарымен өтті

Бұл турнир осы жылдың желтоқсан айында Пхукет аралында (Таиланд Корольдігі) өтетін Әлем Чемпионатына іріктеуге жолдаманы сарапқа салу үшін ұйымдастырылды.

Қазақстандық муайтай федерациясы спортшылар мен чемпионат қатысушыларын ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

«Үздік техника» — Әбіл Галиев, «жас, болашағы зор жауынгер» — Әлижан Қанат, «жеңіске деген жігері үшін» — Әлішер Какей, Еркебұлан Қасен, Шыңғысхан Ыбырай, «Үздік төреші» — Бағытжан Мұхамбеталиев марапатталды.

Бейресми командалық есепте 6 алтын медальмен Алматы облысының командасы бірінші орынды иеленді.

Айта кетейік, шара Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған.

Муайтай боксы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, жауынгерлік өнер қауымдастығының Алматы облысы бойынша өңірлік филиалының және ҚР ҰҚКД қолдауымен өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖЕКПЕ-ЖЕК

ӨЗБЕКСТАННАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Сарыөзектің төтенше жағдай қызметкері ерлер арасында өткен жекпе-жектен ҚР Кубогінің жеңімпазы атанды.

Өрт сөндіруші мамандығы жақсы дене дайындығын, мықты жүйкені, шыдамдылықты, қорқынышты жеңе білуді талап етеді. Бұл мамандықты мінезі, ерік-жігері, рухы мықты адамдар таңдайды. Өрт сөндірушілер өз өмірлерін қатерге тігіп, өзгелерді аман алып қалады және бұл олардың бұлжымас міндеті саналады. Өрт сөндірушілер оқиға орнындағы әрбір кішкентай бөлшекке назар аударуы керек, құтқару операциясының сәттілігі осыған тікелей байланысты. Спортта да шыдамдылық, ерік-жігер, батылдық пен жауынгерлік рух қажет.

Алматы облысы төтенше жағдай қызметкерлерінің бірі, өмірін құтқаруға арнаған, спортты да қос қанатындай қатар алып жүретін Санжар Жақсылықбаев жайлы көп нәрсе айтуға болады. Санжар 2017 жылдан бастап Алматы облысы ТЖД "ӨС және АҚЖҚ" ММ Сарыөзек кентінің №19 өрт сөндіру бөлімінде аға өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Ол - джиу-джитсудан спорт шебері, ҚР 2 дүркін чемпионы, ММА аралас жекпе-жектен спорт шебері, панкратионнан спорт шебері, бірнеше халықаралық жарыстарда жүлделі орындардың иегері.

Санжарға осындай биікке көтерілу оңай болған жоқ. Жеңілістің кермек дәмін татқан сәттер, жарақат алған сындарлы кезеңдер болды. Өрт сөндірушілерді тәрбиелейтін ерлік, батырлық, қайсарлық, патриотизм және жауынгерлік рух сияқты қасиеттер Санжардың спорта биіктерге жетуіне көп көмектесті.

«Маған адамдарды қиындықтан құтқару, оларға көмектесу өте ұнайды. Менің ойымша, спорт біздің жұмысымызға үлкен демеу», – дейді Санжар.

Санжар 1993 жылы Кербұлақ ауданы, Шоқан ауылында дүниеге келген. Санжар мектепті бітіргеннен кейін Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2019 жылы «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша білім алды. Болашақта Санжар азаматтық қорғау органдарының офицері болуды жоспарлап отыр.

Санжардың жетістіктерінің бірі 2021 жылғы 17-20 маусым аралығында Ақтөбе қаласында өткен ерлер арасындағы жекпе-жектен Қазақстан Республикасы Кубогін ұтып алғаны. Ол 85 кг салмақ дәрежесінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті ұйымдастырған жарыстың жеңімпазы атанды.

Жуырда Өзбекстан мемлекетінің Нөкіс қаласында өткен ММА аралас жекпе-жектен Азия чемпионатының 83.9 кг салмақ дәрежесінде қола медальға ие болды.

Жүлдегер спортшыны кезекті жеңісімен құттықтаймыз!

Р. ТҰРҒАНБАЕВ.

АУЫР АТЛЕТИКА

ҮШТӨБЕЛІК РУФИНА САУД АРАБИЯСЫНАН АЛТЫН АЛЫП ҚАЙТТЫ

Сауд Арабиясының Жидда қаласында ауыр атлетикадан жастар арасында өткен әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Байрақты бәсекеде еліміздің намысын қорғаған қос спортшымыз қарсылас шақ келтірмей алтын тұғырдан көрінді.

Алтынмен апталғандардың бірі – Алматы облысының жас зілтемірші қызы Руфина Чалкарова. Бақ пен баптың сыналар шағында батпандай зілтемірді білегінде ойнатқан спортшы 81 келіден жоғары салмақта топ жарды. Облысымыздың спортшысы зілтемірді тұғырдың екінші сатысынан көрінген ауыр атлеттен 28 келі артық көтерді. Қоссайыс қорытындысында ол 247 (107+140) келіні еңсерді. Ал күміс жүлде Бразилиядан келген Тиана Жустиноға бұйырды (219 келі). Қола медальді түркиялық Фатмагуль Чевик жеңіп алды (203 келі).

Руфина Чалкарова Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында дүниеге келген. Қазіргі уақытта ол Талдықорған қаласындағы спорт интернатында оқиды. Зілтемірші қыз жасөспірімдер арасында бірнеше дүркін ҚР чемпионы.

– Өз жеңісімді Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнаймын. Әрине, қиын болды, бірақ мен соңына дейін шыдадым. Мұның артында үлкен еңбек тұр. Күнделікті жаттығулар, жаттықтырушының спорттық рухты қалыптастыруы, жерлестердің қолдауы жеңіс туын желбіретуге жігер берді. Бұл менің алғашқы үлкен жарысым. Сондықтан қобалжу, қорқыныш болды. Бірақ маған берілген тапсырманы толық орындап, осы нәтижеге қол жеткізгеніме шын қуаныштымын. Жаттықтырушыларым да мақтап, осылай жалғастыра бер деп құттықтады. Барлығы жылы сөздерін жазып, құттықтап, ықылас білдіріп жатыр. Бәріне алғыс айтамын және өте қуаныштымын, – деді Руфина Чалкарова.

Айта кетейік, ел қоржынына алғашқы алтынды 102 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Рахат Бекболат салған еді. Қоссайыстың қорытындысы бойынша 355 (155+200) келі зілтемірді басынан асырды. Күміс жүлде түркиялық Танер Чаглар, қола жүлде Ирак спортшысы Аммар Рубайави Әлиге бұйырды.

Айдар ҚАЛИЕВ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

БАЛАҢЫЗ АНА ТІЛІНЕН ҚУАТ АЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Талдықорған қаласында ашылған «Мейірім» шығармашылық орталығында 200-ден астам бала өнерлерін ұштауда. Төрт бағытта жұмыс істейтін орталықта өз ісін жетік меңгерген ұстаздар тәлім беріп келеді. Орталықтағы кез келген істің ілгерілеуіне әр маманның қосып жатқан үлесі зор. Солардың бірі шешендік өнер, мәнерлеп оқу сабақтарынан беретін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, әдебиеттанушы, «Отқарақ», «Бірдеңе» поэзиялық жинақтарының авторы, тележүргізуші, «Жетісу» радиосының бас редакторы қызметін атқаратын Айнұр Төлеумен әңгімелескен едік.

Айнұр Төлеудің сөзінше, «Көркемсөз оқу» мен «Шешендік өнер» үйірмелерінде әр баланың қабілетін шыңдап, сөз өнерін жіті түсінуге мән беріледі. Бір топқа он баладан артық бала алынбайтындықтан, оқушының қабылдауы, қызығушылығын зерделеу, соған лайық жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

– Ең бастысы бұл қос үйірмеде бала өзінің жеке тұлға екенін, кез келген ортада қысылмай өз ой-пікірін ашық айту керектігін түсінеді. Ал, ата-аналар көбіне томаға тұйық, көп адаммен тілдесе бермейтін балаларын осы үйірмеден ашылса екен, жарқырап сөйлесе екен деп армандайды. Әрине, ұяң әрі тұйық балалардың әрқайсысымен бөлек- бөлек жұмыс жасауға тура келеді. Ол неге ұялшақ, бөлкім оның сөзін тыңдап, пікіріне құлақ асатын орта бұрын болмаған шығар. Мүмкін баланы осы уақытқа дейін үлкендер тойтарып, сөзден тиып тастап отырған шығар. Міне, осы фактордың бәрімен жұмыс жасауға тура келеді. Енді бір ата- ана баласының қазақ тіліне жатық болғанын қалайды. Үйінде орыс тілінде сөйлейтін қазақтар да осы үйірмеге баласын жіберіп жатыр. Әрқайсысына әдіс тауып, тіл ұстартып жатқан жайымыз бар. Қандай үйірмеге берсеңіз де, ең бастысы – тәртіп. Нәтиже шыққанын қалайсыз ба? Онда баланың сабақты жіберіп алмай, өз уақытында қатысқанын қамтамасыз етсеңіз болғаны , – дейді ол.

Бүгінде балалардың кітап оқуына алаңдайтын әке-шеше көп. Ал, кітап оқитын бала ойын жүйелі түрде жеткізіп, ана тіліндегі мәйекті сөздердің мағынасын бірден ұғып отырады.

– «Көркемсөз оқу» үйірмесінде бала мәтінді өзгеге түсінікті көркем оқуға дағдыланады. Алайда, кітапты аз оқитын, ойын қысқа қайыра салатын бала әдеби мәтінді көркем оқи алмауы мүмкін. Оның үстіне көркем мәтіндегі қазақ сөздерінің көбін түсінбейтін балалар да кездеседі. Бірақ сөзді түсінбеу, кітапты аз оқу – екінші тұрған мәселе. Ең бастысы баланың сөз мәдениетіне деген қызығушылығы болса – сол үлкен олжа. Мұндай қызығушылығы бар баланы «Мейірім» шығармашылық орталығындағы «Көркемсөз оқу» мен «Шешендік өнер» сабақтарында дамытуға, қанаттандыруға, кітапқа қызықтыруға, сөйлеу өнеріне тәрбиелеуге болады. Бір-біріне ұқсас, мәндес көрінгенімен бұл екі үйірменің айтарлықтай айырмашылығы бар. Мысалы, «Шешендік өнерде» баланың топ алдына шығып, өзін еркін ұстап, ойын жүйелі түрде жеткізуі – басты мақсат. Ал, топ алдында сөйлеу – үлкен өнер. «Көре-көре көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың» демекші, бұл үйірмеде баланы сөйлеуге үйретеміз. Енді осы жерде сұрақ туындайды. Қандай бала топ алдында, үлкендердің арасында өз ойын қысылмай жеткізеді. Әрине, өзіне сенімді бала. Бала көкірегіне сенімділік орнату – оңай шаруа емес. «Шешендік өнер» үйірмесінің әдістемесін дайындағанда ең алдымен бала психологиясын зерделеуге тура келді. Әр бала өзінің жеке тұлға екенін, сондықтан мына әлемге өз пікірі мен ойын айтуға хақылы екенін түсінген сәтте одан шешен дайындап шығуға болады. Қазақ тарихына үңілсеңіз, би-шешендердің бала жастан топты аузына қаратып, үлкен дауға араласып, ақыл тауып кеткенін байқауға болады. Сондықтан «Шешендік өнер» үйірмесі осы бағытта жұмыс жасайды. Кіші топтағы балалар жаңылтпаш, жұмбақтар, тұрақты тіркестерді жаттай отырып, анасының, құрбысы мен үйдегі жақындарының туған күніне тілек айтып үйренеді. Бүгін ерекше тілек айта алатын бала, ертең елді аузына қаратқан шешен боларына сеніңіз. Ойды жүйелі жеткізу, ұтқыр, әрі байқампаздықты дамыту үшін хат танымаған, кіші топтағы балалармен суреттү кітаптар арқылы жұмыс жүргізіледі. Бала түрлі суреттердегі кейіпкерлерге ат қояды, олардың эмоциясын бағалайды, суретті әңгімелеп береді.

Ал, «Көркемсөз оқу» өнерінің жөні бөлек. Мектеп бағдарламасында балаларды минуттен жарыстырып оқуға дағдыландырады.

Жарысып оқыған бала мәтінді түсінуді, көркем оқуды мұрат санамайды. Су сіміргендей мәтін оқитын баланың, әрине, кітап оқуға да құлшынысы бола бермейді. Бұл өнерде мәтінді аудитория да, оқыған адамның өзі де түсінуі тиіс. Ең бастысы, аудитория мәтінді соңына дейін жалықпай тыңдауы керек. Адамдардың зейіні әртүрлі ақпаратқа ауып отырады. Тез жалыққыш келеді. Көркем мәтінді оқитын бала аудиторияны жалықтырмаудың қыр-сырын үйренеді. Мәтін оқығандағы дауыс ырғақтары, кідірістер мен үндестік, үйлесім мен ым-ишара – міне осының барлығын игерген бала мәнерлеп өлең оқып, мәтінді көркемдеп жеткізе алады. «Сөз өнері» – үлкен бір сала болса, «Көркемсөз оқу» мен «Шешендік өнер» сол сөз өнерінің кішкене ғана саласы. Сүйегіне сөз қонған, аталы сөзге тоқтап, ана тілінің нәрінен қуат алған бала өсіргіңіз келсе «Мейірім орталығындағы» қос үйірменің біріне беріңіз, – дейді Айнұр Төлеу. Сондайақ ол сөйлей алатын адам жетістікке тез жететінін, бала өскенде саясаткер, саудагер, өнерпаз, дәрігер болса да, өз ойын қысылмай жеткізетін мықты маманға айналуы тиіс деген пікірде.

ҰСТАЗДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС

Нұрлыгүл ШАХАРОВА: *«Милана бастауышта орыс сыныбында оқыды, бірақ қазақша өте жақсы білетін. Орыс тілінен гөрі қазақ тіліне жақындығын байқаған соң 4-ші сыныпта қазақ сыныбына ауыстырдық. Бұған қуанғаннан өзге еш өкінген жоқпыз. Себебі қазақ сыныбында оқу үлгерімі бірден жақсарды.*

Ол өте ашық, адамдармен бірден тіл табысып кетеді. Үйде көп қолғабыс жасайды, ас үйде жүргенді ұнатады, түрлі дәмді тағамдар дайындап, бәрімізді қуантады. Кітапты да көп оқиды. Сурет те салады және өлеңдер жаттағанды жаны сүйеді. Осы өлең оқуда түрлі конкурстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтқанда, Ұлы Абай атамыздың 175-жылдығы қарсаңында өткізілген іс-шарағa қатысып, Талдықорғандағы Оқушылар сарайы ұйымдастырған «Бала әлемі-2020» байқауында жоғары деңгейде өнер көрсеткені үшін 1-ші орынды жеңіп алды. Сонымен бірге «Самғау» орталығы ұйымдастырған Республикалық «Абай дара – Абай дана» байқауында 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Абай атындағы ҚазҰПУ-да өткен «Абай үміті» шығармашылық байқауында 3-ші орынды иеленді. Осы жылы Талдықорған қаласы әкімінің аппараты ұйымдастырған Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жыр алыбы – Жамбыл» атты байқауына қатысып, 20 000 теңгенің сертификатымен марапатталды. Бұл байқаудың ерекшелігі – 40 шумақ өлеңді мәнерлеп жатқа айту болатын. Милана бұған қатысуға да ерекше белсенділік танытып, еңбектенді.

Бүгінде қаламыздағы № 15 орта мектепте оқиды. Білім ошағында өтетін байқауларға да қатысады. Оның қазақ тілін жетік білуіне қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Данагүл мен Әлия апайларының қосып келетін үлестері зор. Әр байқауға осы ұстаздары жол көрсетіп, қатысырып отырады.

Қазіргі таңда Милана «Мейірім» шығармашылық орталығындағы көркемсөз, актёрлік шеберлік үйірмелеріне қатысып жүр. Ол жерде Дәулеткерей ағайынан, Айнұр Төлеу және Жұматай Оспанұлы сияқты майталман өнер адамдарынан дәріс алып келеді. Демалыс күні де уақытты бос өткізбей, ағылшын тілін үйреніп жүр. Аллаға шүкір, Миланының біраз нәрсеге қабілеті бар, енді осы бойындағы бар қасиетін, өнерін ары қарай дамыта берсе,еңбектене берсе екен деймін. Алда әлі де талай байқауға қатысады деген үміттеміз. Оған тек ақ жол тілейміз. Қызымды өнерге баулыған орталықтың ұстаздарына мың алғыс!».

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 1032
Индекс 15534